

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ОҚУ АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ**

Досаева Камшат Сайлауовна

**«СЕРУЕННІҢ БАЛА ӨМІРІНДЕГІ
ОРНЫ»**

Әдістемелік көмекші құрал

Алматы 2024 ж

ӘОЖ 373
КБК 74.268
Ұ 11

Құрастырушы авторлар : Досаева Камшат Сайлауовна *Астана қаласы МКҚК
№77 “Қошақан” балабақшасы Дене тәрбие нұсқаушысы*

Пікір жазған:

С.Жүзеев - Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті Қазақ тілі мен әдебиеті және журналистика кафедрасының аға оқытушысы, Халықаралық зерттеулер академиясының (International Insight Academy) ғылыми кеңесшісі

Халықаралық ғылым мен білімді қолдау орталығының оқу-әдістемелік кеңес мәжілісінде талқыланып, 2024 ж. «25» ақпан № 942 хаттамасымен мақұлданған және баспаға ұсынылған

**«Серуеннің бала өміріндегі орны»: Әдістемелік көмекші құрал /Құраст.авт;
Досаева К. С.- Алматы «EDU print» жедел басу баспаханасы, 2024.**

Әдістемелік көмекші құрал жалпы білім мекемелері мен балабақша қызметкерлеріне арналған.

© құраст. Авт: **Досаева К. С.-**
© «EDU print» жедел басу баспаханасы, 2024 ж



ISBN 978-601-02-2493-3

Түсінік хат

Мектепке дейінгі кезеңде бала қоршаған ортаны танып біледі. Баланың табиғатты танып білуге деген қызығушылығын оята отырып, педагог оны табиғатпен таныстырып қоймай, оны түсінуге, өсімдіктер мен жануарларды қамқорлауға, табиғаттың сұлулығын сезіне білуге үйретеді.

Қарапайым экологиялық түсініктерді меңгерту баланың қоршаған орта нысандарына танымдық қызығушылығын арттырумен тығыз байланысты. Баланың танымдық дамуы ойын барысында, табиғи нысандар мен құбылыстарға бақылау жасау, заттарды қарап, зерттеу кезінде, табиғат пен табиғат күнтізбесіндегі ауа-райы жағдайына бақылау нәтижелерін айта білу, еңбек және басқа да әрекеттер барысында жүзеге асады.

Мектепке дейінгі балалық шақ кезеңінде баланың танымдық дамуы эмоцияналдық қарым-қатынастар арқылы қалыптасады. Әрбір жеке бала қоршаған ортаны қызығушылықпен қабылдайтын кішкентай зерттеуші. Бала белсенді әрекеттерге талпынады. Сондықтан да бақылау мен зерттеу сияқты әдістер балаға неғұрлым жақын болып табылады.

Баланың жан-жақты дамуы оның қоршаған ортамен белсенді қарым-қатынасы негізінде қалыптасады. Бұл тұрғыда «Сезіну, танып білу, жүзге асыру» осы үш бағытта жұмысты ұйымдастыру қажет. Ол үшін тиімді әдіс-тәсілдерді таңдап алудың маңызы зор.

Мақсаты:

Балалар табиғатпен, жанды және жансыз дүниемен, айнала да болып жатқан іс-әрекеттермен танысады. Табиғатқа деген сүйіспеншілігі артады, олардың пайдасы туралы жан-жақты мәлімет алып, оларға қамқорлық жасауды үйренеді. Табиғат материалдарын пайдаланады.

Міндеті:

Балаларды ұйымшылдыққа, достыққа, бірлікке тәрбиелейді. Серуен кезінде жоғарыда айтылған тәсілдерді методикалық тұрғыда дұрыс пайдаланған жағдайда ғана – ой-өрістері кең, жан-жақты дамыған, денсаулықтары жақсы, көңілдері көтеріңкі, денелері ширақ балалар тәрбиелейміз.

№	Тақырыбы	Мақсаты	Мерзімі
1	Күзгі жапырақтарды бақылау	Балаларға алтын күздің алуан түрлі бояуларын көрсету, байқағыштығын, ой қорыту іскерлігін дамыту.	
2	Күнді бақылау	Балалар назарын күзгі күн көзінің шығатынына, қалай қыздыратынына аудару.	
3	Ағаштарды бақылау	Ағаш, бұта ұғымдарын нақтылау. Ағаш пен бұтаны қалай ажыратуға болатынын түсіндіру.	
4	Желді бақылау	Балаларға жел және оның құбылыстары туралы мәлімет беру.	
5	Бұлтты бақылау	Балаларға бұлттар деген не екенін, олардың неліктен аспанда бірде тез жылжитынын түсіндіру.	
6	Құстарды бақылау	Балалар бойында құстардың күз мезгілінде өмір сүру мәндерін өзгертетіні туралы ой қалыптастыру, ауа-райындағы өзгерістермен байланыстыру.	
7	Жапырақтардың жерге түсуін бақылау	Балалар назарын жапырақтардың қызыл, сары, алтын түсті болып жерге түсіп, жерді жылы көрпемен жауып жатқанына аудару. Балаларға табиғат құбылыстары жайлы түсінік беру. Жәндіктер туралы білімдерін кеңейтіп, бекіту, жүйелеу.	

8	Жаңбырды бақылау	Қыс мезгілі және оның ерекшелігі туралы түсініктерін кеңейту.	
	Құмырсқаларды бақылау	Қыраудың пайда болу процесі туралы түсінік беру.	
	Қыс мезгілін бақылау		
9	Ағаштардағы қырауларды бақылау	Қылқанжапырақты ағаштарды еске түсіру.Шырша мен қарағай ағаштарын ажырата білу.	
10	Қылқанжапырақты ағаштарды бақылау	Балаларға қар жауғаннан кейінгі қардың көп болатынына назар аудару.	
11	Қар тазалайтын машинаны бақылау	Қысқы мерзімде күннің көзін бақылауды жалғастыру.Жансыз табиғат құбылысы жөніндегі білімін нығайту.	
12	Күннің көзін бақылау		
13	Мұзды бақылау	Қатты күйге айналуын анықтау,балаларға не себепті ауа температурасы өзгергенде судың қататындығын түсіндіру.	
		Қарда түрлі іздердің қалатынын,соның ішінде құстардың ізі ерекше болатынын айыра білу.	
14	Қардағы іздерді бақылау	Балаларға қыста желдің суық,өткір болатынын түсіндіру.Желдің күштілігін анықтауға болатынын үйрету.	
15	Желді бақылау	Балаларға құбылысты түсіндіру.Олардың ойын толықтыру.	
	Терезедегі өрнектерді бақылау		
16	Көктем мезгілін бақылау	Балалардың көктем және көктем өзгерістері туралы түсініктерін кеңейту.	
17	Қардың алғашқы еруін бақылау.	Балалардың назарын қардың алғашқы еріген тұстарына аудару.	
	Құстардың ұшып келуін бақылау		
18		Күн көп түсетін жерде алғашқы шөптер қылтиып шыға бастайтынын бекіту	
19	Жаңа өсіп келе жатқан көк шөпті бақылау	Бәйшешектер туралы білімдерін кеңейту.Табиғатты аялауға,әсемдікті көре білуге тәрбиелеу.	
	Бәйшешектерді бақылау		
20	Бақбақты бақылау	Бақбақ гүлімен және оның қасиеттерімен таныстыру.	
21	Ағаштарды бақылау	Балалармен бірге ауладағы ағаштарды қарау.Ағаштарды бүрлері мен бұтақтарына қарап айыра білуге үйрету.	
	Кірпіні бақылау		
22		Кірпінің тіршілігі туралы мағлұмат беру.Қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу.	
		Балапнды сыртқы көрінісіне қарай тани білуге,дене бөліктерін ажырата айтып беруге үйрету.	
		Күннің көзі жылу мен жарықтың негізгі көзі болатынын ұғындыру.	

23	Балапанды бақылау Күнді бақылау	Шыбын-шіркейлердің алуан түрлілігі туралы балалардың ұсынысын біріктіру. Ауладағы ағаштарды ажыратуға және атын атауға үйрету.	
24	Құрт-құмырсқаларды бақылау	Кемпірқосақтың қалай құралатынын түсіндіру.Көңіл бөлуін және талғампаздығын дамыту.	
25	Ағаштарды бақылау Кемпірқосақты бақылау	Саңырауқұлақтардың атауын толықтыру және нығайту.Экологиялық мәдениетке тәрбиелеу.	
26	Саңырауқұлақты бақылау	Бақта және жазықта өсетін гүлдер туралы білімін жүйелеу және бекіту. Балаларға аспанның әсемдігін көруге үйрету.Табиғатта судың ауыспалы айналымы жөнінде түсініктемені толықтыру.	
27	Гүлдерді бақылау Аспанды бақылау	Балаларды бала бақша алаңында өсетін жидектермен таныстыру.	
28	Жидектерді бақылау	Балаларды бала бақша алаңында өсетін емдік өсімдіктерді дұрыс тану мен білуге үйрету.	
29	Емдік өсімдіктерді бақылау		

Көктем

Тақырыбы:Ағаштарға бақылау жасау.

Мақсаты:Балалармен бірге ауладағы ағаштарды қарау.Ағаштарды бүрлері мен бұтақтарына қарап айыра білуге үйрету.Табиғаттан алған әсерлерін,қуанышты көңіл күйлерін білдіре білу.

Көрнекіліктер: Ағаштардың суреті.

Әдіс-тәсілдер: Көрсету,түсіндіру,сұрақ-жауап.

Сөздік жұмыс:терек,аққайың,бүр,бұтақ.

Билингвалды компонент: Терек-Тополь,Аққайың-Береза.

Әрекет кезеңі	Тәрбиешінің әрекеті	Балалардың әрекеті
Мотивация-лық қозғаушы	Балалармен амандасу.Балаларға бүгін ағаштарды бақылайтыны жайлы хабарлау.	Балалар амандасады.
Ұйымдастырушылық ізденіс	Бақылау барысы: -Балалар,мынау терек ағашы.Ағаштың бүрлерінің астынан кішкентай жапырақ өскіндері өсіп келе жатқанын көрдіңдер ме ? Терек ұтағы аққайыңға қарағанда жуан,қабығы сұрғылт-жасыл,бүрі ірі,ұзын,жабысқақ және қош иісті,бір-бірлеп өседі. Ал мынау,аққайың ағашы.Аққайыңның бұтағы жіңішке,иілгіш,қабығы қоңыр-қызыл,бүрі ұсақ,бұтақта бір-бірлеп орналасқан. Көркем сөз: Мақал –мәтел.	-Иә,көрдік. Балалар назар салып тыңдайды ,көреді.

Рефлексия- лық түзету	Бір ағаш кессең, жүз ағаш отырғыз.	Балалар қайталайды.
	Болжам: Аққайың ағашы жөке ағашынан бұрын бүр жарса, жаз құрғақ болады. Көктемде аққайыңның шырыны көп болса, жаз жаңбырлы болады.	
	Тақпақ: Отырғыз ағаш көктемде, Жөн болар еңбек еткенің. Келмесе шамаң еккенге, Сындырма жұрттың еккенін.	Балалар қайталайды.
	Қимылды ойын: «Ағаштан ағашқа» Мақсаты: Алға жылжу арқылы қос аяқтап секіре білуді бекіту. Ойын барысында ойынды әділ бағалауға үйрету.	-Ойын ережесін бұзбай ойнайды.
	Еңбек: Бұтақты кесуден кейінгі қалдықты жинау. Мақсаты: Еңбек нәтижесін көру, топқа бірнеше бұтақты жинап әкеліп, келесі бақылауды ұйымдастыру. Өзіндік әрекет: Ойын барысында жұбымен бірлесіп, ойын нәтижесін бөлісе білуге үйрету.	-Қалдықтарды жинайды. -Өз қалауларымен әрекет жасайды.

Күтілетін нәтиже:

Нені білу керек: Ағаштарды бір-бірімен салыстыра білуді.

Нені игереді: Тақпақты жатқа айтуды.

Нені меңгерді: Ойынды аяғына дейін ойнауды.

Тақырыбы: **Бақбақты бақылау.**
Мақсаты: -Бақбақ гүлімен оның қасиеттерімен таныстыру.
-Қоршаған орта мен өсімдіктер арасындағы өзара байланыс туралы түсінік беру.
-Табиғаттың әсемдігін сезініп, бағалай білуге тәрбиелеу.
Әдіс-тәсілдер: көрсету, түсіндіру.
Сөздік жұмыс: үлпек, үлпілдек.
Билингвалды компонент: Гүл-цветок, Бақбақ-одуванчик.

Әрекет кезеңі	Тәрбиешінің әрекеті	Балалардың әрекеті
Мотивациялық Қозғаушы	Шаттық шеңбері. Үлкенге де сіз, Кішіге де сіз. Баршаңызға құрметпен, Бас иеміз біз. -Балалар, қазір жылдың қай мезгілі? -Көктем мезгілінің басқа мезгілден қандай ерекшелігі бар?	-Балалар шаттық шеңберін жасады. -Көктем. -Көктемде тіршілік иесінің бәрі оянады.
Ұйымдастыру- шылық ізденіс	-Балалар, жерде шөптер қылтып өсіп жатыр, шөптер арасында қандай гүлдер өсіп тұр? -Ендеше, біз бүгін осы бақбақ гүлін бақылап, жақын танысатын боламыз. -Балалар, бақбақ гүлі неге ұқсайды? -Дұрыс, балалар, бұлтты күні жер бетінде күн сияқты жарқырайды. Бақбақ гүлінің тамыры жуан, шөпке ұқсас өсімдік. Жапырағы сопақша, тапталып өседі. Оның алғашында гүлдері сап-сары болады, кейін одан ақ үлпек шыққанда алқаптың бәрі аппақ болады. Кейде бақбақ гүлін «үлпілдек» деп атайды. -Бақбақ қайда өседі? -Бақбақ тау етегінде, өзен жағалауында, орманды жерлерде, аулада өседі, сондықтан ол дала гүліне жатпайды. Бақбақ гүлінің сөлі сүт сияқты, ақ түсті. Оның сөлін сүйселге жағып, кетіруге болады. Бақбақ гүлінің жапырағы мен тамырын дәрі-дәрмек жасау үшін пайдаланады. Оның шырынын қайнатып ішуге болады. Шырыны ащы болады, ақ гүлінен қайнатылған шай ащы емес. Оның адам денсаулығына тигізер пайдасы көп, ол дәрілік өсімдік. Міне, балалар, бақбақ гүлінің осындай шипалық қасиеттері бар. Жұмбақ: Кіп-кішкентай қауғабас, Шашы түссе дауламас. Қимылды ойын: «Гүлдер». Мақсаты: Гүлдердің атауын пысықтау, ойын тәртібін сақтау. Ойын барысы: Бастаушы басқа ойыншылармен алаң ішінде қозғалып жүреді, бастаушы гүлді атайды, аты аталған гүл – ойыншы қолын көтеріп қашады. Еңбек: Гүлзардағы гүлдерді бағып, күту. Мақсаты: Гүлдерді дұрыс суару дағдыларын бекіту. Гүлдерге ықыласпен қарауды тәрбиелеу.	-Бақбақ гүлі. -Кішкентай күнге ұқсайды. -Аулаларда өседі. -Балалар мұқият тыңдайды.
Рефлексиялық түзетуші	Өз бетімен іс-әрекет: Ойыншының тақырыбын балалар алдын ала талқылап, қозғалысты ұйымдастыру. -Балалар, сендер қандай гүлмен таныстыңдар? -Бақбақ гүлі неге ұқсайды?	-Бақбақ гүлімен таныстық. -Күнге.

Күтілетін нәтиже:

Нені білу керек: Бақбақ гүлінің емдік қасиеттері бар екенін.

Нені игереді: Гүлдерді күтіп-баптауды, суаруды.

Нені меңгерді: Оның сөлін сүйелге жағып, кептіруге болатынын.

Тақырыбы: Балапанды бақылау.

Мақсаты: Балапанды сыртқы көрінісіне қарай тани білуге, дене бөліктерін ажырата айтып беруге үйрету. Балапанның тіршілігіне адамның маңызы зор екенін ұғындыру.

Көрнекіліктер: Жәшік ішіндегі балапан.

Әдіс-тәсілдер: Сөздік, көрнекілік.

Билингвалды компонент: Балапан-Цыпленок.

Әрекет кезеңі	Тәрбиешінің әрекеті	Балалардың әрекеті
Мотивация-лық қозғаушы	Шаттық шеңбері:	
	Тәрбиеші музыка қойып, балаларды шаттық шеңберіне шақырып, өлең жолдарын айтқызады.	
	Педагог ішінде балапаны бар жәшікті алып келеді де, оның ішінде не бар екенін сұрайды.	Балалар жәшіктің ішіндегі балапан екенін даусынан танып айтады.
Ұйымдастырушылық ізденіс	Педагог балапанды қоршалған шарбақтың ішіне жібереді де, бақылау жасайтындықтарын айтады.	
	-Балапанның түрі, түсі, дене құрылысы туралы сұрайды.	
	Қалай дыбыстайтынын және немен қоректенетінін айтады.	Балалар шарбақтың ішіндегі балапанның қоғалуын, жүтіргенін көреді.
	-Біз мына балапанды өскенше бағып, тамағын суын беріп тұруымыз қажет. Бүгін біздің балапанымыз қатты шаршады. Сондықтан оны табиғат бұрышындағы басқа балапандарға қосып қоямыз.	
	Педагог балаларды екі топқа бөледі. Бірінші топтың балалары жұмыртқаның сыртқы қабығына қанат, тұмсық, көз аяқтарын жабыстырып, балапанды жасауды, ал екінші топ балалары балапанға арнап ботқа дайындауды ұсынады.	
	Қимылды ойын: «Аққу мен қаздар»	
	Мақсаты: Қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу.	-Балапанды.
Рефлексиялық түзету	Өзіндік әрекет:	-Оларға уақытылы қарауды.
	Балалар өз беттерімен ойын ұйымдастырып ойнайды. Тәрбиешінің қадағалауымен ойнайды.	
	-Балалар, бүгін сендер нені бақыладыңдар?	
	Оларға қалай қамқорлық жасауға болатынын сұрау.	
	-Балаларды мадақтау.	

Күтілетін нәтиже:

Нені білу керек: Балапанды түрі, түсіне қарап ажырата білу.

Нені игереді: Балапаның түсінің алуан түрлі болатындығын.

Нені меңгерді: Қамқорлықпен қарайды, оларға зиян келтірмеуді.

Тақырыбы: Бәйшешектерді бақылау.

Мақсаты: Бәйшешектер туралы білімдерін кеңейту. Табиғатты аялауға, әсемдікті көре білуге тәрбиелеу.

Көрнекіліктер: Суреттер, бәйшешек гүлі.

Әдіс-тәсілдер: Көрсету, түсіндіру.

Сөздік жұмыс: Күлгін, сары.

Билингвалды компонент: Бәйшешек-Подснежник.

Әрекет кезеңі	Тәрбиешінің әрекеті	Балалардың әрекеті
Мотивация-лық қозғаушы	-Сәлеметсіңдерме балалар!	-Балалар сәлемдеседі.
Ұйымдастырушылық ізденіс	-Көңіл күйлерің қалай?	
	-Балалар, мына суреттерге қарап, өсімдіктердің атауын айтыңдар.	-Бақбақ, бәйшешек.
	-Балалар, қарандаршы бұл гүлдер жер бетіне көрік беріп, ерте гүлдейді.	
	-Нағыз бәйшешек көргендерің бар ма?	-Жоқ.
	-Олар қайда өседі?	
	-Бәйшешектің түсі күлгін сары болып келеді.	-Тау – тастың арасында.
	-Ескі аңызға сенсек оның түсі ақ болуға тиіс екен. Бәйшешектің сан алуан түсі бар. Олар көпжылдық өсімдіктер. Олар қыстың күні қар астында сақталады.	
	Көркем сөз: Жұмбақ:	
	Жасыл жіпті-ақ қоңыраушалар, Жасыл түйінде –ақ бұршақтар.	-Інжу гүл.
	Өгейшөп-жапырақтары оң жағынан жылы, сол жағы-суық, өгей шеше сияқты.	
	Болжам: Егер өгейшөп гүлі түнге қарай қауызын берік жапса – демек ауа райы бұзылады.	
Рефлексия-лық түзету	Қимылды ойын: «Көктемгі ойын» Мақсаты: Балаларды атыз қазуға қатыстыру, әр баланың жұмысқа қатысуы жүйелі болуын қадағалау.	-Балалар ойын ережесін бұзбай ойнайды. -Балалар бақшада атыз қазды. -Өз беттерінше ойын ойнайды.
	Өзіндік әрекет: Балалардың топқа бөлініп ойнауы, бір-бірімен дұрыс тату-тәтті қарым қатынаста болуы.	
	-Балалар біз бүгін бәйшешек гүлін бақылап, әңгіме жүргіздік.	

Күтілетін нәтиже:

Нені білу керек: Табиғатты аялауды, әсемдікті көре білуді.

Нені игереді: Ерте гүлдейтін гүлдердің ерекшелігін сай екендігін.

Нені меңгерді Олардың қар астында сақталып жататындығын.

Тақырыбы: Кірпіні бақылау.

Мақсаты: Кірпінің тіршілігі туралы мағұлмат беру. Қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу.

.Кірпіні бақылау кезінде құрдастарымен жақсы қарым- қатынас орнату.

Көрнекіліктер: Тордағы кірпі, кірпі туралы түсірілген бейне таспа.

Әдіс-тәсілдер: сөздік, көрнекілік.

Билингвалды компонент: Кірпі-Ёжик.

Әрекет кезеңі	Тәрбиешінің әрекеті	Балалардың әрекеті
Мотивация-лық қозғаушы	-Балаларды шеңбер бойына тұғызады да, бір балаға допты лақтырады. Допты ұстаған бала өзінің досының атын айтып және оны неге жақсы бала деп ойлайтынын айтып, допты кері лақтырады.	-Менің досым Расул. Себебі ол менімен ойнағанда ойыншықтары мен бөліседі.
Ұйымдастырушылық ізденіс	-Балалар, ағаштарды қараңдаршы, қандай өзгеріс байқап тұрсындар? Дұрыс айтасындар, демек қазір жылдың қай мезгілі? -Көктемде жан-жануарлар мен жәндіктерде қандай өзгеріс болады? Дұрыс айтасындар, сондай бір жануар жайлы мен қазір жұмбақ жасырамын, ал сендер оны табыңдар: Бата алмас түлкі, Үсті тікен	-Ағаштар жапырақ жайып, жайқалып тұр. -Көктем мезгілі.
Рефлексия-лық түзету	-Кірпіні көргендерің бар ма? Кірпіге бақылау жасаймыз. Бір кірпіде 7-8 мың ине болады. Қазақстанда кірпінің үш түрі мекендейді. Кәдімгі кірпі, құлақты кірпі, қара кірпі. Кірпінің арқасын, бүйірлерін тікен басқан. Кірпілер кішкентай болады, олардың салмағы 700-800 г. Олар ормандарда, бұта арасында, тіпті елді-мекендер де мекендейді. Жемін, әдетте кешке және түнде аулайды. Жәндіктермен, көлбақамен, жыланмен қоректеніп, ауыл шаруашылығына пайдасын келтіреді. Қараша айында ұйқыға кетеді де, көктемде күн жылынысымен оянады. Кірпінің аяқтары бес саусақтан тұрады. Олар қауіпті жағдай да домаланып қалады. Балаларын сүтпен қоректендіреді, өскен соң олар өздері қоректенеді. Қимылды ойын: «Қуаласпақ» Мақсаты: Балаларды шапшандыққа баулу. Еңбек: Сынған бұтақтрады жинау. Өзіндік әрекет: -Балалар өз беттерінше ойнайды. -Балалар бүгінгі бақылаудан алған әсерлерін қандай? -Қазақстанда кірпінің неше түрі мекендейді?	-Жақсы. -Үш түрі.

Күтілетін нәтиже:

Нені білу керек: Кірпіні танып, ажырата білу.

Нені игереді: Кірпіні таниды, ажыратады, тіршілігі жайлы түсінік айта алады.

Нені меңгерді: Сұрақтарға еркін жауап бере білуді.

Тақырыбы:Көктем мезгілін бақылау.

Мақсаты:-Балалардың көктем және көктем өзгерістері туралы түсініктерін кеңейту. -Жыл мезгілінің ерекшелігінің айтуға,көргендері мен аңғарғандарын айтуға,байланыстырып сөйлеуге төселдіру.

-Туған жерінің табиғатын қорғауға тәрбиелеу.

Көрнекіліктер: Мазмұнды суреттер.

Әдіс-тәсілдер: Көрсету,түсіндіру,әңгімелеу.

Сөздік жұмыс:Ерте,жылы,далада.

Билингвалды компонент: Көктем-Весна,далада – во дворе.

Аспан-Небо,Күрек-Лопата.

Әрекет кезеңі	Тәрбиешінің әрекеті	Балалардың әрекеті
Мотивация-лық қозғаушы	Шаттық шеңбері:	Балалар шаттық шеңберін құрады.
Ұйымдастырушылық ізденіс	Күннен шуақ аламыз, Жерден қуат аламыз. Бейбіт күнде шат күліп, Біз бақытты баламыз. -Балалар,біз серунге шықтық.Кеше күн желді болды.Бүгін сыртта күн жылы.Аула іші таза.Аулада биік ағаштар өсіп тұр. -Балалар,біз бүгін көктем мезгілін бақылаймыз. -Көктем айларын атаңдар? -Балалар көктемде қар ериді,ағаштар бүршік жарады.Айнала жап-жасыл болып,әсем табиғат құлпыра түседі.Күн шуағын төгіп,бақтарымыз жайқалады. -Балалар,барлық тіршілік иесі оянады. -Біз ағаштарды ,гүлдерді күтеміз.Біз күрекпен және тырмамен топырағын қопсытамыз, шелекпен су құямыз. Көктемде ауа-райы құбылмалы келеді,бірақ күннен күнге күн жылына бастайды.Ауа қысымы көтеріледі.Аспан сұрғылт түсін көкке алмастырады. Жұмбақ: Күн ұзарып,қар еріп, Су сайларға толады. Айтыңдаршы бөбектерім , Бұл қай кезде болады? Мақал-мәтел: Таудан су ақса,көктем келеді. Тақпақ: Ой,балалар,балалар! Жылы-жылы жел соқты. Жылғалардан су ақты, Қаңқыл-қаңқыл қыз кепті. Қимылды ойын: «Қасқыр мен лақтар» Мақсаты: Белгі бойынша ұзындыққа секіруді жалғастыру. Ойын шарты: Лақтар аланда жүгіреді,қасқыр лақтарды қуалайды.	-Балалар айналаға қызыға қарайды. - Наурыз,сәуір,мамыр. -Көктемде. -Балалар мақал-мәтелді және тақпақты жаттайды. -Ойынға деген қызығушылықтары артады. -Балалар еңбек сүйгіштікке ынталанады. -Бізге көктем мезгілі ұнады.
Рефлексия-лық түзету	Еңбек: Топырақты тұқым салуға дайындау. Мақсаты: Еңбектенуге деген қабілетін дамыту,бастаған ісін аяқтау,үлкендерге көмектесу. Өзіндік іс-әрекет: Ойын барысында балалардың бір-бірімен қарым –қатынас жасауын қадағалау,өз ойларын іске асырады. -Балалар ,біз бүгін далада жүріп көктем мезгілін бақыладық.	-Көктемде қар ериді,күн жылиды.

	-Көктемнің ерекшелігін атаңдар?	
	-Адамдар не істеп жатыр?	

Күтілетін нәтиже:

Нені білу керек: Мезгілдің бір-бірінен ерекшелігін.

Нені игереді: Ағаштардың түбін қопсытуды.

Нені меңгерді Күрек немесе тырмамен жұмыс жасай алуды.

Тақырыбы: Қардың алғашқы еруін бақылау.

Мақсаты: Балалардың назарын қардың алғашқы еріген тұстарына аудару. Күн сәулесі мен жарық жердің тұстары тез еритіндігі туралы балалардың түйсігіне түйю. Байқампаздықты дамыту.

Көрнекіліктер: Мазмұнды суреттер.

Әдіс-тәсілдер: Көрсету, түсіндіру.

Сөздік жұмыс: жазық, төбе, мол.

Билингвалды компонент: Қар-снег.

Әрекет кезеңі	Тәрбиешінің әрекеті	Балалардың әрекеті
Мотивациялық Қозғаушы	Балаларды серуенге ұйымдастыру.	-Балалар таза ауаға шығады.
Ұйымдастыру- шылық ізденіс	Шаттық шеңбері: -Балалар бір-біріне жылы лебіздерін білдіреді. -Балалар, қане барлықтарын жердегі қардың еруіне назар салыңдар. -Неліктен барлық жерде бірдей қар кетпейді? Ең алдымен жазық жерлер мен төбелердің қары ериді, себебі ол жерге күн көзі мол түседі. Күн сәулесімен жарық жердің тұстары тез еритіндігі туралы балалардың түйсігіне түйю. Көркем сөз: Болжам: Егер қар күрт еріген тұстарда көктемнің алғашқы гүлдері және өгейшөп өссе- онда наурыз айы мен көкек айының басы жылы болады. Тақпақ: Көктем. Көкке басы өңірді, Көктем келді көңілді. Бау-Бақшада орманда Құстар әні төгілді. Қимылды ойын: «Жүгір, отыр, жүгір». Мақсаты: Белгі бойынша әрекет жасауды дамытуды жалғастыру. Күнделікті белсенді қимыл әрекетті қалыптастыру. Ойын шарты: «Жүгір!»-балалар алаңда жүгіреді, «Отыр!» - отырады, жылдамдықты тез орындайды. Еңбек: Терезе алдындағы бақшаны суару. Мақсаты: Өз бетімен суару ережесін орындауды үйрету, топырақты қопсыту, су бүрку. Ұқыптылық пен еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Дидактикалық ойын: «Көктем ерекшеліктерін кім көп айтады?».	-Лебіздерін білдіреді. -Себебі күн түспейді. -Балалар тыңдап, қайталады. -Ойынға деген қызығушылықты арттыру. -Балалар тапсырманы орындады.

Рефлексиялық түзетуші	Мақсаты; Ерте түскен көктемнің ерекшеліктерін атай білуге үйрету. Сөздік қорын молайту. Өзіндік әрекеті: Ойын барысында бірігіп 2-3 рольден тұратын ойындарды құрдастарымен бірігіп ойнау. Ойын әрекетін орындау.	-Көктемде табиғат әдемі болады. -Өз ойларымен ойын ұйымдастырады.
-----------------------	---	---

Күтілетін нәтиже:

Нені білу керек: Неліктен барлық жерде қар бірдей ерімейді.
Нені игереді: Жазық жерлер төбелерге күн көзі мол түсетінін.
Меңгерді: Ойын ережесін бұзбай ойнауды.

Тақырыбы: Құстардың ұшып келуін бақылау.

Мақсаты: Жыл құстары жайлы түсініктерін кеңейту. Жиі кездесетін жыл құстарының атауын, олардың ерекшеліктерін, ұқсастықтарын айта білу. Құстардың пайдасы туралы білімдерін бекіту.

Көрнекіліктер: Құстардың суреттері.

Әдіс-тәсілдер: Көрсету, түсіндіру, сұрақ-жауап.

Сөздік жұмыс: ұшады, ұя басады.

Билингвалды компонент: Ұшады-Летает

Әрекет кезеңі	Тәрбиешінің әрекеті	Балалардың әрекеті
Мотивация-лық қозғаушы	Шаттық шеңбері: Армысың, асыл күн Шашқан нұр сәулесін. Армысың асыл жер, Армысың жан досым. Жылуыма жылу қос. Мінекей, қолым бос!	Балалар шаттық шеңберін жасайды.
Ұйымдастырушылық ізденіс	-Ал, енді балалар, сендер қандай құстарды білесіңдер? Суретпен жұмыс. -Балалар қыстап қалатын құстар және жылы жаққа ұшып кететін құстар болады. -Балалар құстар жылдың қай мезгілінде жылы жаққа ұшып кетеді? -Балалар, қоныс аудару уақытын құстар қайдан біледі? -Жылы жаққа ұшып келе жатқан құстар тәртіпке бағынады. -Тырналар, үйректер сап түзеп ұшады, ал бозторғай шымшық секілді ұсақ құстар топатанып ұшады. Ал, ірі жыртқыш құстар жеке дара ұшады. «Құстар біздің досымыз», құстардың адамға пайдасы өте зор. Олар жыл сайын жер бетін зиянды жәндіктерден тазартады, мысалы кенелерден, шыбын-шіркейлерден.	-Күзде. -Күн суытып, қысқара бастағанынан.
Рефлексиялық түзету	Көркем сөз: Жұмбақ: Түгі қара мақпалдай, Төсі ақ сыр жаққандай Ұшса ақтай зулайды Көктен жұлдыз аққандай. Қимылды ойын: «Лашын мен ұлбасар» Мақсаты: Балалардың сап түзеу біліктіліктерін бекіту. Еңбек: Құстарды тамақтандыру. Мақсаты: Құстарға қамқорлық жасау. Өзіндік іс-әрекет: Ортақ ойында ойынның түпкі мағынасын жете меңгеру. Ойын тәртібін сақтау. -Балалар осымен бақылау әрекетіміз аяқталды. -Сендерге көп рахмет.	-Қарлығаш. -Берілген шарттарды орындайды. -Балалар еңбектенуге талпынады. -Өз қалаулары бойынша ойын ойнайды.

Күтілетін нәтиже:

Нені білу керек:Құстардың тіршілігі жайында.

Нені игереді:Құстарға қамқор болуды.

Нені меңгерді Өз бетімен ұйымдастыра білуді.

Тақырыбы: Жаңа өсіп келе жатқан көк шөпті бақылау.

Мақсаты: Күн көп түсетін жерде алғашқы шөптер қылтиып шыға бастайтынын бекіту. Табиғаттың оянуына байланысты балаларда көтеріңкі көңі-күйді ояту. Өсімдікті аялап, күте білуге үйрету.

Әдіс-тәсілдер: Көрсету, түсіндіру, сұрақ-жауап.

Сөздік жұмыс: шөп, бітік, қалың.

Билингвалды компонент: шөп-трава.

Әрекет кезеңі	Тәрбиешінің әрекеті	Балалардың әрекеті
Мотивация-лық қозғаушы	-Сәлеметсіңдер ме, балалар! -Көңіл-күйлерің қалай? -Балалар қазір жылдың қай мезгілі? -Бүгін ауа-райы қандай? -Олай болса бүгін біз серуенге шығамыз. Кеше күн жнлді болды. Бүгін күн жылы. Жеңіл киініңдер. Бас киімдеріңді ұмытпаңдар. Екі-екіден қол ұстасып аулаға шығамыз. Аула іші таза.	-Балалар амандасады. -Көктем. -Жылы.
Ұйымдастырушылық ізденіс	-Енді, балалар бүгін біз жаңа өсіп келе жатқан көк шөпті бақылаймыз. Жердегі көк шөпке қараңдар. Күн көп түсетін жерде алғашқы шөптер қылтиып шыға бастаған. Күн қыза бастады, қар еріді, топырақ жылынды, көк шөп өсті. -Балалар, табиғаттың оянуы бізге көтеріңкі көңіл – күй сыйлайды. Біз өсімдікті аялай білуіміз керек. Көркем сөз. Жұмбақ: «Айт!» десе жүгірмес, Су тисе сілкінбес. Мақал-мәтел: Адам жерге нәр береді. Су көп болса, шөп бітік шығады. Жер адамға нәр береді. Болжам: Сәуірдегі топан су, жаздағы қалың шөптің белгісі. Қимылды ойын: «Көк шөптегі хоккей».	-Балалар киініп далаға шығады. -Жердегі шөпке назар аударады.
Рефлексиялық түзету	Мақсаты: Хоккей таяғымен допты домалата білуді бекіту, қақпаға соғу, бір орында тұрып кіргізу. Ойында достық көмекке келуді үйрету. Еңбек: Ауладағы қураған шөпті жинау. Мақсаты: Тырнауышпен жұмыс істеуді жалғастыру. Жолдастарымен бірлесіп жұмыс атқарып, ұжымдық еңбекке деген қызығушылықтарын тәрбиелеу. Өзіндік әрекет: Балаларға өз беттерімен ойын тақырыбын таңдауды үйрету. Әр саладан алған білім көзін ойын кезінде көрсете білу. -Балалар, бүгінгі іс-әрекетімізден алған әсерлерің қандай?	-Шөп. -Ойын шартын бұзбай ойнайды. -Балалар берілген тапсырманы орындайды. -Балалар өз беттерімен ойын ойнайды. -Жақсы

Күтілетін нәтиже:

Нені білу керек: Көктемде тіршілік иелерінің оянуын.

Нені игереді: Табиғатты аялап, күте білуді.

Нені меңгерді: Жұмбақтар, мақал-мәтелдерді жатқа айтуды.

Жеміс ағаштарымен салыстыру (алма).

Ағашты ұрығымен салыстыруға үйрету. Туған өлкесінің табиғатына сүйіспеншілік танытуға тәрбиелеу.

Әдіс-тәсілдер: Көрсету, түсіндіру.

Сөздік жұмыс: жапырағы, түбірі, тұқымы бойынша.

Билингвалды компонент: Жапырақ – листья, жеміс – фрукты.

~ 18 ~

Күтілетін нәтиже:

Біледі: Өсіп тұрған ағаштарды ажыратуды.

Игереді: Туған өлкесінің табиғатына сүйіспеншілікпен қарауды.

Меңгерді: Жұмбақтар мен мақал-мәтелді жатқа айтуды.

Тақырыбы: Аспанды бақылау.

Мақсаты: Балаларға аспанның әсемдігін көруді үйрету. Табиғатта судың ауыспалы айналымы жөнінде түсініктемені толықтыру. Табиғаттың әсемдігін тамашалауға тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс: Бұлтты, бұлтсыз, ашық аспан.

Билингвалды компонент: Аспан – небо.

Әрекет кезеңі	Тәрбиешінің әрекеті	Балалардың әрекеті
Мотивация-лық қозғаушы	Шаттық шеңбері. Балаларды дөңгеленте тұрғызып: Күндей жадырап, Айдай арайлап, Жұлдыздай жарқырап, Судай таза көңілмен Бүгінгі күнді бастаймыз.	-Балалар шаттық шеңберін жасайды.
Ұйымдастырушылық ізденіс	-Сәлеметсіңдер ме, балалар! -Балалар, бәріміз аспанға қараймыз. Табиғатта судың ауыспалы айналымы бар, ең бастысы желдің бұлтты қалай қалыптастыратыны жөнінде түсініктеме беру. Бұлттың қозғалысы мен өзгерісі жөнінде бақылаймыз. Ашық аспанда бұлтты байқау жеңілрек, оның баяу қозғалатынын, бірте-бірте көбейіп, өзінің түрін өзгертетінін, мақтаға ұқсайтын массаға айналатынын, немесе, керісінше, азайып және еритінін атап өту керек.	-Балалар сәлемдеседі. -Балалар мұқият тыңдайды.
	Жұмбақ: Көзі жасты – жылауық, Келе жатыр бір алып. Жабырқаса, жылайды, Жадыраса құлайды.	-Бұлт.
	Қимылды ойын: «Дөңгелек лапта» Мақсаты: Екі топқа бөлінуге үйрету, ойыншыларға допты лақтыру.	-Балалар ойын ережесін сақтайды.
	Еңбек әрекеті: Атыз арасындағы шөптерді отау және жинау. Мақсаты: Атыз маңайындағы жолдарды өз бетінше тәртіпке келтіру, тазалықты сақтау.	-Балалар атыз арасындағы шөптерді жұлып, жинайды.
Рефлексия – лық түзету	Өзіндік әрекет: Балалар өз бетінше ойын тақырыбын таңдауға, ойынның сюжетін дамытуға үйрету.	-Балалар өз беттерінше ойын таңдайды.
	-Балалар, бүгін біз бұлтты бақылап, ол жайлы әңгіме қозғадық.	

Күтілетін нәтиже:

Біледі: Қадағалау барысында бұлттарды ажырата білуді.

Игереді: Бұлттың қозғалысы және өзгерісі жөнінде қадағалауды.

Меңгерді: Атыз арасындағы шөптерді жұлуды, жинауды.

Тақырыбы: Жидектерді бақылау.

Мақсаты: Балаларды балабақша алаңында өсетін жидектермен таныстыру. Олар жайлы білімдерін жетілдіру. Жидектерді түзу үзуге үйрету.

Көрнекіліктер: Мазмұнды суреттер.

Сөздік жұмыс: Жидектер ақшыл, ал қызылдары – піскен.

Билингвалды компонент: Құлпынай – клубника, бүлдірген – малина.

Әрекет кезеңі	Тәрбиешінің әрекеті	Балалардың әрекеті
Мотивация-лық қозғаушы.	Шаттық шеңбері. Армысың ,Аспан,арайлы, Армысың,күннің шуағы. Қасиетті ,жер-ана, Бесік болып тербеп тұрады.	-Балалар шаттық шеңберін құрады.
Ұйымдастырушылық ізденіс.	-Балалар,мен сендрге жұмбақ жасырамын,сендер шешуін табыңдар. Жапырақты тасалап, Өсетін жері бақша -бақ. Күрең қызыл шіркін-ай, Оның аты ... -Балалар,сендер құлпынайды білесіңдерме ? -Мынау құлпынай. -Сендер құлпынайды және құлпынай тосабын жеп көрдіңдер ме ? -Тағы қандай жидектерден аналарың тосап жасады ? -Құлпынай ағашта ма әлде жерде өседіме ? -Құлпынай орманда да, бақша да өседі.Оны аю жақсы көреді екен. -Балаларға сурет топтамасынан жидектердің суретін көрсетіп , сұрақ қойып жауап алынады . -Балалар құлпынай тосабынан басқа таңқурай тосабы,қарақат және шие тосабы бар. -Бұл аталған жидектер – жеуге жарамды жидектер. Ал, жеуге жарамайтын улы жидектер де болды,олар орманда өседі,жидегі қара. Оны «қаракөз» деп атайды . Қимылды ойын: «Кім дөңгелекті тез айландырады» Мақсаты: Топта ойнаудың әдістерін,белгі бойынша ойнауды түсіндіру. Ұжымдық қасиеттерін қалыптастыру.	-Құлпынай. -Иә. -Иә,жеп көрдік.Менің анам құлпынай сатып әкелді. -Бүлдіргеннен. -Жерде өседі. -Балалар қайталап отырады. -Бір бірімен тату ойнайды.
Рефлексиялық түзетуші.	Еңбек әрекеті: Құлпынай атызын қопсыту. Мақсаты: Өсімдіктерді өз еркімен күте білу. Өсімдікке деген сүйіспеншілігін қалыптастыру. Өзіндік іс-әрекет: Балаларды өзінің орнын сақтауға үйрету. -Балалар жидектерге нелер жатады ? -Тосап дегеніміз не ?	-Өз беттерімен ойын ойнайды. -Құлпынай, шие. -Жидектерге шекер арластырып,қайнату.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: Жеміс-жидектерді таниды.
Игереді: Жидектерді дұрыс үзуді.
Меңгереді. Құлпынай тосабын қалай жасауды.

Тақырыбы: Гүлдерді бақылау.

Мақсаты: Бақта және жазықта өсетін гүлдер туралы білімін жүйелеу және бекіту. Гүлдің құрамы неден тұратынын түсіндіру. Гүлдердің әсемдігін қызықтай білуге тәрбиелеу.

Көрнекіліктер: Гүлдердің суреті.

Сөздік жұмыс: Таңертең гүл түбірі ашылады, кешке жабылады.

Билингвалды компонент: гүл- цветок, жаз – лето, сары- жёлтый, қызыл – красный, жасыл – зелёный

Әрекет кезеңі	Тәрбиешінің әрекеті	Балалардың әрекеті
Мотивация-лық қозғаушы	Біз гүлдердей өсеміз Жапырағы жайқалған, Сабақтары салалы Желге ырғалып жайқалған. -Балалар, көңіл-күйлерің қалай? -Олай болса, бүгін біз гүлдерді бақылап, осы жайлы әңгімелесеміз. -Балалар бақта, жазықта өсетін гүлдер болады. -Гүлдер айналамызға сұлулық сыйлайды.	-Балалар қайталайды. -Жақсы.
Ұйымдасты- рушылық ізденіс	-Гүл – сабақтан, түбірден, жапырақтан, гүлденуден тұрады. Жаз басында гүлдер сары болады, содан соң ақ, жаздың аяғында ақшыл көк, қызыл болады. Таңертең гүл түбірі ашылады, кешке жабылады. Бақта өсетін гүлдерді адамдар күтіп, баптайды. Жұмбақ: Құлпырса, қадірлейді, аялайды, Кураса, сыпырғышқа жарамайды. Мақал-мәтел: Күнсіз гүл өспес, күтүсіз ұл өспес. Қимылды ойын: «Аю мен ара» Мақсаты: Белгіні естіп тапсырманы жылдам орындай білуге, шыдамдылыққа, шапшаңдылыққа тәрбиелеу. Еңбек әрекеті: Гүлдерді жинау. Мақсаты: Әсемдікті сезіне білуге, гүлдерді түбірсіз жұлуға, бірлесіп еңбектенуге тәрбиелеу. Өзіндік әрекет: Өздерінің еріктері бойынша ойын түрлерін таңдау.	-Гүл. -Аю мен ара ойынын ойнайды. Иә, ұнады. -Бостан босқа жұлуға болмайды. -Түбірімен жұлуға болмайды.
Рефлексия-лық түзету	-Балалар, бүгінгі серуеніміз ұнады ма? -Гүлдерді жұлуға бола ма? -Оларды қалай жұлып алу керек?	

Күтілетін нәтиже:

Біледі: Гүлдің құрамы неден тұратынын.
Игереді: Гүлдердің әсемдігін қызықтай білуге.
Меңгереді: Гүлдерді қалай жұлу керектігін.

Тақырыбы: Емдік өсімдіктерді бақылау.

Мақсаты: Балаларды балабақша алаңында өсетін емдік өсімдіктерді дұрыс тану мен білуге үйрету. Осы өсімдіктерден дәрі-дәрмек жасап, дәріханаларда сататынын түсіндіру.

Көрнекіліктер: Мазмұнды суреттер.

Әдіс-тәсілдер: көрсеті, түсіндіру.

Сөздік жұмыс: өседі, гүлдейді, қурайды.

Билингвалды компонент: Түймедақ – ромашка.

Әрекет кезеңі	Тәрбиешінің әрекеті	Балалардың әрекеті
Мотивация-лық қозғаушы	Шаттық шеңбері. Үлкенге де сіз, Кішіге де сіз. Баршаңызға құрметпен, Бас иеміз біз.	-Балалар шаттық шеңберін жасады.
Ұйымдастырушылық ізденіс	-Балалар, мына жұмбақтардың жауабын дұрыс шешсеңдер, бүгінгі бақылауымыз, әңгімеміз не жайлы екенін білесіңдер. Шалғында тұрған қыздардың көзі алтын, қабағы ақ. Бұл қандай гүл? -Балалар, егер желді күні түймедағы өскен шалғынға бара қалсаңдар, гүлдердің сылдырлаған дыбысын естуге болады. -Ежелгі аңыз бойынша, түймедағы аспаннан жұлдыз аққан жерге өседі екен. -Түймедақты ауруларға емдік өсімдік ретінде қолданамыз. Осы өсімдіктерден дәрі-дәрмек жасап, дәріханаларда сатады.	-Түймедақ. -Балалар зейін салып қарап, тыңдайды.
	Тақпақ: «Егінек» Гүлді өсімдік көріп ек, Деді әжем: Бұл – егінек. Сабағы ұзын, қабықсыз. Шөпке қарап қалыппыз. Оған тиме, жаным-ай, Жасайды одан дәрімай! – Деді әжейім тағыда Жақын келіп жаным.	-Балалар қайталайды.
	Мақал-мәтел: Тікеннен гүл, зохардан бал.	
	Қимылды ойын: «Кім алда?». Мақсаты: Белгі бойынша бірінің артынан бірі болып дөңгеленіп жүруге үйрету.	-Балалар өсімдікті жинайды.
	Еңбек әрекеті: Емдік өсімдіктерді топтастыру. Мақсаты: Балаларды емдік өсімдік жинауға шақырау, оларды табу. Бастаған істі аяғына дейін жеткізуге үйрену.	-Иә, емдік өсімдікке жатады.
Рефлексия-лық түзету	Өзіндік әрекет: Балаларды ойын уақытында бір-бірімен араласуды, ойыншықтардың тәртібіне өзінің қарым-қатынасын білдіруге машықтау.	
	-Балалар, түймедақ емдік өсімдікке жата ма?	

Күтілетін нәтиже:

Нені білу керек: Бақша алдындағы емдік өсімдікті дұрыс таниды.

Нені игереді: Өсімдіктерді жинауды.

Нені меңгерді: Дәрі-дәрмек жасап, дәріханаларда сататынын

Тақырыбы: Кемпірқосақты бақылау.

Мақсаты: Кемпірқосақтың қалай құралатынын түсіндіру. Кемпірқосақты қарастыру, түрін атау, иін нысанды формасы бар екенін атау. Көңіл бөлуін және талғампаздығын дамыту.

Сөздік жұмыс: Пердесін жарқыратқанда, кемпірқосақ.

Билингвалды компонент: Кемпірқосақ – Радуга.

Әрекет кезеңі	Тәрбиешінің әрекеті	Балалардың әрекеті
Мотивация-лық қозғаушы	Шаттық шеңбері. Қарады маған да, Күлімдеп күн бүгін. Қарады саған да, Шуақпен төгіп нұр.	-Балалар шаттық шеңберін құрып, қайталады.
Ұйымдастырушылық ізденіс	Жұмбақ: Жаңбыр жуды жерімді, Көкте өрмек керілді.	-Кемпірқосақ.
	-Балалар, бүгін біз «Кемпірқосақты» бақылаймыз. -Балалар, көкжиектегі әр түрлі иінге- кемпірқосаққа көңіл бөлу керек. Аспан төңірегінде қарама-қарсы орналасқан күннің көзі жауынның пердесін жарқыратамыз.	
	Тақпақ:«Кемпірқосақ» Қызыл-жасыл, Дөңгелек Кемпірқосақ көрген ек, Бұлтқа апарар көпірдей, Тұра қалған ол кенет. Қандай ғажап? Керемет Өрмелейік деген ек Қайда кетті апыр-ау? Ғайып болды ол кенет.	-Балалар қайталайды.
	Қимылды ойын: «Кім алысқа секіреді» Мақсаты: Ұзындыққа орнынан секіруді нығайту, жарысқа қызығушылығын дамыту. Жолдастарының сәттілігіне қуану.	-Балалар алысқа секіреді.
Рефлексия-лық түзету	Еңбек әрекеті: Бөлімшеде ағып кетуді тазарту. Мақсаты: Өз бастамасымен балаларды үлкендерге бөлімшедегі ағып кетуді тазарту кезінде көмектесуге үйрету.	-Үлкендердің еңбегін бағалады.
	Өзіндік әрекеті: Балаларға бірбеттілік қатынастар мағынасын бөлуге көмектесу.	
	-Балалар, біз бүгін нені бақыладық? -Сендерге ұнады ма?	-Кемпірқосақты. -Иә, ұнады.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: Көкжиектегі кемпірқосақты.

Игереді: Жасырған жұмбақтың шешімін табуды.

Меңгерді: Ойын ережесін бұзбай ойнауды.

Тақырыбы: Күнді бақылау.

Мақсаты: Күннің көзі жылу мен жарықтың негізгі көзі болатынын ұғындыру.

Күннің қозғалысымен шығуын қадағалауды жалғастыру.

Әдіс-тәсілдер: көрсету, түсіндіру, сұрақ-жауап.

Сөздік жұмыс: Мен алмұрт тосабын жақсы көремін.

Маусым, шілде, тамыз, жылы, шуақты, жайдары.

Билингвалды компонент: Күн – солнце.

Өрекет кезеңі	Тәрбиешінің әрекеті	Балалардың әрекеті
Мотивация-лық қозғаушы	-Сәлеметсіңдер ме, балалар! -Көңіл – күйлерің қалай? -Күннің көзі жылуын, жарығын бізге пашып тұр.	-Балалар амандасады.
Ұйымдастырушылық ізденіс	-Балалар, мен сендерге өлең оқып беремін, мұқият тыңдаңдар. Өрік, алма, шие, алша, Жидек, жүзім піседі. Астық пісіп, орақ түсіп, Қырман дөңге толады. Бұл қай кезде болады? Ш.Ахметов. -Біз жаз деп айтамыз. Жаз дегеніміз не? -Жаз мезгілін не үшін ұнатасыңдар? Жаз мезгілінің белгісіне байланысты сөздерді тауып айтамыз. Олар жылы, шуақты, жайдары. -Жаз айларын атаңдар? -Маусым-жаздың алғашқы айы, ол «жаз шықты, көк шықты», яғни мал өріске шықты дегенді білдіреді. Бұл айда күн барынша ұзарып, түн қысқарады. Маусымнан соң, шілде басталады. Шілде – жаздың бел ортасы. Айдың бұлай аталуы ауа райының өте ыстықтығына байланысты. Бұл айда құстардың сайрағаны естілмейді. Тамыз – бұл айдың атауы «сары» деген мағынаны білдіреді. Мағынасы – шөп сарғайып, жер қурайтын кез. Тамызда егін пісіп, жиналады. -Балалар, «Аққайың» ағашының діңі, жаздың аптап ыстығында да, салқын болып тұрады. Бұл ағашты «шырынды ағаш» деп те атайды. Ағаштар гүлдеп, күннің төгілуі. 22 –маусым ең ұзақ күн, ең қысқа түн екенін атап өту жөн. Қимылды ойын: «Тату, барлығы бірге». Масқаты: Бір жылдамдықпен бірін-бірі қуып жетпей, жүгіруді үйретіп дамыту. Еңбек әрекеті: Құмның үстіне құм себу және суару. Мақсаты: Еңбекке қатысу, еңбекке баулу.	-Балалар мұқият тыңдайды. -Жазда. -Жайма, шуақ күн. -Суға шомыламыз, қыздырынамыз. -Маусым, шілде, тамыз. -Балалар сұрақ қоя отырып тыңдайды. -Ойын ережесін бұзбай ойнайды. -Еңбектенуге дағдыланады. -Өз беттерінше әрекеттенеді.
Рефлексиялық түзету.	Өзіндік әрекет: Қуанышты жағдайларды тыныш қолдауға және құруға талаптандыру.	

Күтілетін нәтиже:

Біледі: Ауа- райын жүйелі түрде қадағалауды.

Игереді: Жүйелі сөйлеуді, әңгімелесуді.

Меңгерді: Өз ойларын толық жеткізе білуді.

Тақырыбы: Құрт-құмырсқаларды бақылау.

(инелік,ара,маса,көбелек,шыбын)

Мақсаты: Шыбын-шіркейлердің алуантүрлілігі туралы балалардың ұсынысын біріктіру,құрт-құмырсқаның мәнділік жалпы белгісін ажырату.Жәндіктер туралы білімдерін кеңейту.

Көрнекіліктер: мазмұнды суреттер.

Сөздік жұмыс:шыбын,қоңыз,инелік,маса,ара көбелек.

Билингвалды компонент: Шыбын-муха,ара-пчела,инелік-стрекоза,көбелек-бабочка.

Әрекет кезеңі	Тәрбиешінің әрекеті	Балалардың әрекеті
Мотивация-лық қозғаушы	Шаттық шеңбері:	-Балалар шаттық шеңберін жасайды.
Ұйымдастырушылық ізденіс	Қанатымды бір қағам, Демде қайта жоғалам. Десе гүлді дала бар, Қос қанатым талмайды, Қыр сонымнан қалмайды.	-Балалар мұқият тыңдайды.
Рефлексия-лық түзету	-Балалар,бүгін біз құрт-құмырсқа,шыбын-шіркей туралы әңгімелесеміз. -Балалар,шабындықта,балабақша учаскісінде ,ағаштардың айналасында шыбын-шіркейлердің алуантүрлілігі жайлы әңгімелесеміз. -Қоңыздар ,көбелектер ,инеліктер,шыбын,ара,масалар өмір сүреді. -Аралар бал жинайды -Шыбындар ен мазасыз жәндіктер. Олар жазда көп болады. -Күн суытқанда азаяды. Жәндіктердің кейбірі тасалау жерге тығылып,ұйқыға кетеді,кейбірі құрт,қуыршаққа айналады ,ал үлкендері өледі. -Олар иісті және дәмді мұртшаларымен сезеді.Олардың көзі көреген. Жұмбақ: Бар екен бір мақұлық ұннан майда, Өз басын айдайды екен қиян жайға, Ұстасаң үгітіліп жоғалады, Дамылдап отырмайды ешбір жайға. Жүрген ізі байқалмаған, Жүдеу қызым қайқандаған. Біреуге найза түйрейді, Өзі сондай күйрейді. Қимылды ойын: «Шалғындықта үш сайыс» Мақсаты: Жерде жатқан доға арқылы аттап өтуге үйрету. Еңбек әрекеті: Гербариды жинау,үлкендердің тапсырмасын жауапты орындауға үйрету. Өзіндік іс-әрекет: Ойын түрін таңдауға дербестік әрекетін жетілдіру. -Балалар шыбын-шіркейлерге нелер жатады?	-Көбелек. -Инелік. -Ара. -Ойынды қызығушылықпен ойнайды. -Гербариды жинайды. -Өз беттерінше ойын ойнайды. -Балалардың жауабы.

Күтілетін нәтиже:

Нені білу керек:Жүйелі сөйлеуді,ойын ашық жеткізе білуді.

Нені игереді:Шыбын-шіркейлерді ажырата білуді.

Нені меңгерді Құрт-құмырсқалардың түрлерін.

Билингвалды компонент: Саңырауқулақтар – грибы.

Әрекет кезеңі	Тәрбиешінің әрекеті	Балалардың әрекеті
Мотивация-лық қозғаушы	Шаттық шеңбері. Күннен шуақ аламыз, Жерден қуат аламыз. Бейбіт күнде шат күлген, Біз бақытты баламыз. -Балалар, бүгінгі әңгімеміздің не туралы екенін жұмбағымның шешуінен білерсіңдер. Жұмбақ: Өзі кішкентай болғанмен, Бөркі қазандай.	-Балалар шаттық шеңберін жасады.
Ұйымдасты-рушылық ізденіс	Өз қалпағын жасынан, Тастамайды басынан.	-Саңырауқұлақ.
	Иә, бұл- саңырауқұлақтар. -Жер астында саңырауқұлақтың жіп тәрізді жіңішке тармақшалары болады. Бір-біріне жалғасқан жіңішке тармақшалардан саңырауқұлақтар өсіп шығады. Саңырауқұлақтар тапталып өседі. -Ақ саңырауқұлақ, қатпарлы саңырауқұлақ, арышқұлақ деген түрлері болады. Саңырауқұлақтар нақты жерде өседі, ағаш және қуыстарда өсуге бейімделген. Саңырауқұлақтың түбіріне зақым келмеу үшін оны пышақпен кесу керек. Саңырауқұлақтың бәрін жеуге болмайды. Оны жеген адам уланып қалады. -Білесіңдер ме, балалар, саңырауқұлақтың жер бетіндегі тіршілігі өте қысқа, екі-үш-ақ күн. Ал, оның жер астындағы жіп сияқты тармақшалары жүз жыл өмір сүреді.	-Саңырауқұлақ.
	Қимылды ойын: «Адамдарды сана» Мақсаты: Адамдарды санауды бекіту, тапсырма бойынша алаңда қозғалу.	-Адымдап жүгіру.
	Еңбек әрекеті: Қажеттілік бойынша. Мақсаты: Учаскіде үнемі тазалықты сақтауға, қоқыстарды жинауға тәрбиелеу.	-Балалар тазалықты сақтайды.
Рефлексия-лық түзету	Өзіндік әрекет: Ойын кезінде балалар іс-әрекеттерін бір-бірімен келісе отырып жетілдіру.	-Жақсы.
	-Балалар, бүгінгі бақылауымыздан алған әсерлерің қандай? -Серуен сендерге ұнады ма? -Біз саңырауқұлақтарды сурет бойынша анықтадық. -Сендерге көп рахмет.	-Иә, ұнады.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: Саңырауқұлақтар нақты ортада өсетінін.

Игеред: Саңырауқұлақтың шәпкесі әр түрлі, аяғы ақ екенін.

Менгерді: Саңырауқұлақты пышақпен кесуді.

Тақырыбы: Жапырақтың жерге түсуін бақылау.

Мақсаты: Балалар назарын жапырақтардың қызыл, сары, алтын түсті, жасыл-сары болып жерге түсіп, жерді жылы көрпемен жауып жатқанына

аударту. Жапырақтардың түсу себебін түсінуге, жапырақтардың

бөліктерін атауға үйрету.

Сөздік жұмыс: Жылы көрпе.

Билингвалды компонент: Жапырақ-Листья.

Әрекет кезеңі	Тәрбиешінің әрекеті	Балалардың әрекеті
Мотивациялық Қозғаушы	Шаттық шеңбері: Үлкенге де сіз, Кішіге де сіз, Барша жұртты құрметтеп, Бас иеміз біз.	Балалар шаттық шеңберін құрды.
Ұйымдастыру- шылық кезеңі	-Күз-жыл мезгілінің ішіндегі ең кереметі. -Неліктен жомарт күз дейміз? -Күз айлары қандай? -Қыркүйек күздің алғашқы айы. Қыркүйекте жиын-терін аяқталады. Жұрт қыс қамын ойлайды. Күн салқындап, шық түседі. -Күзді неліктен «алтын күз» деп атайды? -Келесі ай – қазан. Қазан-алғашқы үсік жүретін суық ай. -Күздің ақырғы айы-қараша. Күзеу тозып, жаздай мал тұяғы таптаған өріс қарайып қалады. Қарашада – аспан түнеріп, жер бауырлап, дымқыл тұман түседі, бұлттар көшеді. Күн қысқарып, шуақты күндер сирейді. -Балалар, барлықтарың ағаш бұтағындағы жапырақтарға қараңдаршы. Жапырақтар көп мөлшерде немесе аз мөлшерде түсетінін, бұл көрініс жел күшіне байланысты. Егер жапырақтар ағаштан түгел түспей бұтақтарында қалып қойса, қыс суық болады. Жапырақтар кеш түссе, қыс қатты және ұзақ болады.	Өйткені жиын-терін мезгілі. -қыркүйек -казан -қараша
Рефлексиялық түзетушілік.	Дидактикалық ойын: «Жапыраққа қарап, ағашты таны». Мақсаты: Балаларды жапырақты қай ағаштан түскенін анықтауға үйрету. Ойын ережесін сақтау. Қимылды ойын: «Асық, бірақ түсіріп алма». Мақсаты: Балаларды қасындағы жапырақшаны түсірмей жүгіре алуға жаттықтыру. Физикалық сапасын дамыту: шапшаңдық, ептілік. Еңбек: Участкедегі жапырақтарды жинау. Мақсаты: Балаларды жұмысқа белсенді қатысуға үйрету, жапырақтарды тыпмауышпен тырнап, тасығышпен бір жерге жинастыру. Еңбексүйгіштікке өз бетінше жұмыс жасай алуға үйрету.	-Ағаш жапырағы сарғайып, алтын түстес болғандықтан бұл мезгілді алтын күз деп атайды.
	Балалардың тұрақты бірлестіктерін нығайтуға көмектесу.	

Күтілетін нәтиже:

Нені біледі: Жапырақтардың қурап жерге түсіп жатқандығын.

Нені игерді: Жапырақтардың бөліктерін атауды.

Қолданады: Тақырыпқа сай көркем саздар мен ырым сөздерді.

Тақырыбы: Құмырсқаларды бақылау.

Мақсаты: -Жәндіктер туралы білімдерін кеңейтіп, бекіту, жүйелеу

-Құмырсқаның тіршілігі туралы білім беру.

-Танымдық қабілеттерін дамыту.

Сөздік жұмыс: Жәндік, илеу.

Көрнекіліктер: Құмырсқа және илеуі.

Билингвалды компонент: Құмырсқа – муравей.

Әрекет кезеңі	Тәрбиешінің әрекеті	Балалардың әрекеті
Мотивация – лық қозғаушы	Балалар шеңбер бойында тұрып бір-біріне жылы тілектерін білдірген соң тәрбиешінің құмырсқа жайлы сұрақтарына толық жауап береді. -Балаларға біріншіден жұмбақ жасырылады.	Балалар бір-біріне жылы лебіздерін білдірді.
Ұйдастыру- шылық ізденіс	Қыпша белді, Қыбыр жүрісті. Тыным алмайды, Тындырмай жүрісті. -Сонымен бүгін жөнінде әңгімелесеміз. құмырсқалар Ойын: «Дұрыс жауабын тап». Құмырсқа –ол жәндік. Құмырсқаның тұрағы –илеу. Құмырсқа немен қоректенеді – зиянды жәндіктермен. -Білесіңдер ме, балалар, құмырсқалардың әрқайсысының илеуінде атқаратын міндеті бар. - Кім әңгімелеп береді? Бірі илеу салады, бірі илеуге кіріп-шығатын жолдарды жөндейді. Енді бірі құрылыс материалын тосыса, басқалары азық тасиды. -Қалай ойлайсыңдар, құмырсқалар жалғаз тұра ма, әлде топтанып па? -Құмырсқалардың үйі алай аталады? -Құмырсқалар қайда қыстайды? Көркем сөз: Екі басы жұдырықтай, Ортасы қылдырықтай.	-Құмырсқа. -Ойынды ойнады.
Рефлексия – лық түзету.	Ырым: Егер де құмырсқалар илеулерінің көлемін әдеттегіден үлкын етіп жасаса, қыстың аяз болатынын білдіреді. Қимылды ойын: «Батыл, еңбекқор құмырсқалар» Мақсаты: Балаларды батылдыққа, еңбекқорлыққа үйрету. Еңбек: Балалар еңбекқор құмырсқаларды бейнелейді. Мақсаты: Сыпырғышты дұрыс қолдануға дағдыландыру. Өзіндік іс-әрекет. Балалардың ойын барысында бір-бірімен араласу қабілеттерін іске асыру.	-Балалар жауаптарын берді. -Топтанып. -Илеу. -Илеуінде. -Құмырсқа. -Балалар ойын ойнауда. Балалар еңбекқор құмырсқаларды бейнелейді.

Күтілетін нәтиже:

Нені біледі: Құмырсқалардың тіршілік ету әрекетін.

Нені игереді: Сыпырғышты дұрыс қолдануды.

Қолданды: Ойын барысында бір-бірімен араласу қабілеттерін іске асыруды.

Тақырыбы:Құстарды бақылау

Мақсаты:Балалар бойында құстардың күз мезгілінде өмір сүру мәндерін өзгертетіні туралы ой қалыптастыру,ауа-райындағы өзгерістермен байланыстыру ,балалардың құстардың тіршілік ету әрекетіндегі өзгерістерді бақылауға үйрету.Балалар бойында құстарды өз қамқорлығына алу жайлы түсінік қалыптастыру.

Сөздік жұмыс: қараторғай,қара қарға,қаз,қаратамақ

Көрнекіліктер:мазмұнды суреттеу.

Билингвалды компонент:Торғай-Воробей, Қарға-Ворон.

Әрекет кезеңі	Тәрбиешінің әрекеті	Балалардың әрекеті
Мотивация – лық қозғаушы	Балаларды аулаға алып шығып, ағашта,шатырда қонып тұрған құстарға назарын аударады. Тәрбиешінің мұндай сөздері балалардың көңілін құстарды бақылауға аударады. Балалар бақылау кезінде «Ағаштың бұтағында құс қонып тұр»,»Аспанда құстар ұшып жүр» деген сөйлемдерді қатыстырып өзара сөйлеседі.Құстарды көріп,қызықтайды. -Балалар,бүгінгі әңгімеміз не туралы екенін түсінген боларсыңдар ? -Жер бетінде қандай құс жоқ десеңші! -Жылдың қай мезгілінде құстар көп болады? -Қыста жылы жаққа ұшып кететін құстарды қалай атайды ? -Қанекей,балалар жылы жаққа ұшып кететін құстарды еске түсірейік ? -Жыл құстары өте көп,бірақ біз олардың бірен-саранын ғана жылы жаққа топталып ұшып бара жатқанын көреміз. Неге? -Қалай ойлайсыңдар ,жылы жақа ұшып бара жатқан құстар қандай да бір тәртіпке бағынады ма ? Үйректер-қатарласып түзу немесе доға сияқты ұшады . Қаратаорғай,бозторғай,шымшық сияқты құстар топталып ұшады. Ойын: «Дұрыс жауабын тап» Қай құс шырылдайды ? Қай құс қарқылайды ? Қай құс сақылдайды? Ой тастау : «Қыстап қалатын құстар суықтан қорқама ,әл де аштықтан қорқама ?» Көркем сөз: «Қанатын қағып қаздар да Көкпенен жүзіп өткенді» Ырымдар: Қаз ұшса-жақында қар түседі. Қараторғай ұзаққа ұшпаса ,күз құрғақ болады. Қаздар ұшса,қыстың жақындығы. Қимылды ойын : «Құстардың ұшып кетуі» Мақсаты: Балалардың тірек-қимыл белсенділіктерін іске асыру,сәйкес дыбыстарға қарай әрекеттер жасау және қимылдырға сөздер үйлестіру. Еңбек: Бақшада түбірлерді қазу. Мақсаты: Балаларды еңбектенуге тірбиелеу.Күрекпен жұмыс істеуге үйрету.	
Ұйдастыру- шылық ізденіс		-Жазда. -Тырналар, үйректер.
		-Олар көбіне түнде ұшады.Солай қауіпсіз.
		-Торғай. -Қарға. -Сауысқан.
		-Балалар ойын ойнайды.
Рефлексия – лық түзету.	Өзіндік әрекет: Балаларды қарым-қатынас ережесін білу, бағыну,теңдік,басқару.	-Балалар күрекпен жұмыс жасайды.

Күтілетін нәтиже:

Нені біледі: Құстардың тіршілік ету әрекетін.
 Нені игереді: Құстарға қамқорлық жасауды.
 Қолданды: Күрекпен жұмыс жасауды.

Тақырыбы: Күнді бақылау.

Мақсаты: Балалар назарын күзгі күн көзінің шығатынына, қалай қыздыратынына аудару. Табиғатқа деген байқағыштығын, білуге құштарлығын, сүйіспеншілігін дамыту. Күннің орны мен күздегі күн ұзақтығының арасындағы өзара байланысты айту.

Көрнекіліктер: Мазмұнды суреттер.

Билингвалды компонент: Күн-Солнце.

Әрекет кезеңі	Тәрбиешінің әрекеті	Балалардың әрекеті
Мотивациялық қозғаушылық	Балалар бір-біріне жылы лебіздерін білдіреді. Балалар күннен бойларына жылылық пен шуақ алады.	-Балалар бір-біріне жылы лебіздерін білдірді.
Ұйымдастырушылық Ізденіс	-Балалар, біз бүгінгі серуенімізде күнге бақылау жасаймыз. -Балалар, олай болса күзгі күн көзінің қалай шығатынына назар аударайық. -Енді, балалар мен сендерге күннің орны мен күн ұзақтығының арасындағы өзара байланысты айтып беремін. Күзде күн жоғары көтерілмейді және күндер қысқарып барады. Көркем сөз: Анамыздай мейірлі күн, Аймалайды шында тұрып. Май берейін, құрт берейін, Күннің көзі шық, шық. Алақай, алақай Күн шықты, күн шықты, Жер үстіне нұр шықты. Ырым сөздер: Егер таңертең күн қызарып шықса, ауа райы бұзылады, жаңбыр және жел болуы мүмкін. Қимыл-қозғалыс ойыны: «Бұлт пен күн» Мақсаты: Балаларды батылдыққа, қауіптіліктен құтылу мақсатындағы жұмылу қабілетіне тәрбиелеу, еркін дамыту. Еңбек әрекеті: Гүлзарды солған өсімдіктерден тазарту. Мақсаты: Балаларды қолынан келетін еңбекке араластыру. Ұйымшылдықпен жұмыс жасауға, бір-біріне кедергі жасамауға, ортақ тапсырманы орындауға үйрету. Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.	-Балалар назар аударды.
Рефлексиялық түзетушілік	Дидактикалық ойын: «Күн жолын көрсет» Мақсаты: Балаларға шығыстан батысқа қарай күн жолын қолмен суреттеуге үйрету. Күн таңертең, күндіз, кешке болған жерлерге тұр. Балаларға кеңістікті бағдарлай білуге үйрету. -Балалар, бүгінгі серуеніміз осымен аяқталды. Күз мезгіліндегі күн көзіне бақылау жасадық. Осы серуеніміз сендерге ұнады ма?	-Балалар қайталады. -Балалар ойын ережесін бұзбай ойнады. -Балалар еңбекке араласады. -Балалар қолмен суреттейді. - Иә, ұнады.

Күтілетін нәтиже:

Нені біледі: Күзгі күн көзінің шығатынын, қыздыратынын.

Нені игереді: Күннің орны мен күздегі күн ұзақтығын.

Қолданады: Ұжым болып жұмыс жасауды.

Тақырыбы: Желді бақылау.

Мақсаты: Балаларға жел және оның құбылыстары туралы мәлімет беру.

Сөздік қорын байыту, еркін сөйлеуге дағдыландыру.

Бір-бірін тыңдап, өзара бірлестікке, серіктестікке үйрету.

Міндеті: Балаларға желдің неліктен соғатынын түсіндіру.

Сөздік жұмыс: Күшті, әлсіз.

Билингвалды компонент: Жел-ветер, суық-холодно.

Әрекет кезеңі	Тәрбиешінің әрекеті	Балалардың әрекеті
Мотивациялық қозғаушы	-Балалар, бүгін бәріміз бір-бірімізге деген жылы лебізімізді айтып, жақсы көңіл-күймен серуенімізді бастаймыз. -Балалар бір-біріне жылы лебіздерін айтады. -Енді бүгінгі іс-әрекетімізді жұмбақтан бастасам, -деп отырмын.	-Балалар бір-біріне деген жылы лебізін айтады.
Ұйымдастырушылық Кезеңі	Жұмбақ: Бір нәрсеге қарап тұрсам дүбірлейді, Алыстан көзің салсаң күлімдейді. Екпіні сонша қатты болса дағы, Ұстасаң қолыңызға біліңбейді. -Балалар, жел дегеніміз не? Жел – атмосфера қабатындағы қысымның бірқалыпты таралмауынан болатын кейде қатты, кейде баяу соғатын ауа қозғалысы. -Балалар, желді көргендерің бар ма? -Кім қалай ойлайды? -Жел көзге көріне ме? -Жел соғып тұрғанын қалай білуге болады? -Балалар, біз қазір желдің бағытын қалай анықтаймыз? -Жел не істей алады?	-Жел. -Жоқ. -Ол жел. -Жоқ. -Ағаштардан. -Ағаштарға қараймыз. -Жел соғады, бұлттарды айдайды, жаңбырды жаудыртады. -Жел. -Балалар қайталайды.
	Жұмбақ: Қанаты жоқ-ұшады, Аяғы жоқ-қашады. Көркем сөз: Жел де ауа кәдімгі, Жел дегенінң тек бірақ. Ойға-қырға шапқылап, Байыз таппас ауа ғой. М.Әлімбаев. Ырым сөз: Жануарлар қай жағына жатса-сол жақтан жел соғады. Егер түнге қарай жел күшейсе-ауа райы бұзылады. «Саусақ» ойыны. Тынық күн дегенде-саусақтар қозғалмайды. Әлсіз жел дегенде-саусақтарды сәл қозғалту. Аңызак жел дегенде-саусақты қозғау. Тынық жел дегенде-саусақты бүту. Қатты жел дегенде –жұдырықты ашып –жабу. -Балалар, өте қауіпті жел қалай аталады? -Құйын қандай апат келтіруі мүмкін? -Құйын деген сөз нені білдіреді? Білесіңдер ме, балалар, жер бетін күйретіп, қатты соғатын желді – дауыл дейді. Дауыл-жылы мұхиттар, яғни су астында пайда болады. Ол	-Балалар саусақ ойынын ойнады.

Рефлексиялық түзетушілік	толассыз үш аптаға дейін соғады. Дауыл болғанда адамдар опат болып, үйлер қирайды. Қимылды ойын: «Жел мен жапырақшалар» Мақсаты Балаларға әр түрлі бағытта жүгіруді дамыту, белгі бойынша қимыл жасай білу. Еңбек: Табиғат бұрышында өсімдіктерді өсіру үшін жер дайындау. Балаларды тапсырылған іске тыңғылықты қарауға үйрету. Жұмысты тату жасау, бір-біріне көмектесу. Тәжірибе: Шардың желін шығару. Жел дегеніміз-кейле қатты, кейде баяу горизонтальды бағытта қозғалып соғатын ауаның ағымы.	-Құйын. -Ұшырады. -Түнек, қараңғылық. -Балалар ойын ойнайды. -Балалар еңбекке араласады. -Балалар тәжірибе жасап көреді.
--------------------------	--	--

Күтілетін нәтиже:

Біледі: Жел мен оның құбылыстары жайлы.

Игереді: Шардың желін шығаруды

Қолданады: Тақырыпқа сай жұмбақтарды.

Тақырыбы: Бұлтты бақылау.

Мақсаты: Балаларға бұлттар деген не екенін, олардың неліктен аспанда бірде тез жылжитынын түсіндіру.

Бұлттар қозғалысының жел күшімен байланысын айтуға үйрету.

Сөздік жұмыс: қалың қабатты қоңыр, ала бұлт, жеңіл бұлт.

Билингвалды компонент: Бұлт – Облако.

Әрекет кезеңі	Тәрбиешінің әрекеті	Балалардың әрекеті
Мотивациялық қозғаушы	-Сәлеметсіңдер ме, балалар! -Балалар, қазір мен сендерге жұмбақ жасырамын:	-Балалар амандасады.
Ұйымдастырушылық ізденіс	Көзі жасты- жылауық, Келе жатыр бір алып. -Біз бүгінгі серуенде бұлтты бақылаймыз. -Сонымен бұлт дегеніміз не ? Бұлт -судың жылу әсерінен аспанға көтеріліп, буға айналған түрі. Кейін жаңбыр дауар қара бұлтқа айналады. -Бір-біріне ұқсас бірдей бұлттар болады ма ? Бұлттардың пішіні әр-түрлі болады. Себебі олар әр-түрлі биіктіке, әр-түрлі температурада түзіледі. Қалай ойлайсыңдар, бұлттар неге бағынышты ? -Кім қалай ойлайды ? Бұлттардың түрі көп болады. Қауырсын бұлт, қатпарлы бұлт, үйме бұлт. Көркем сөз: Аспанға ұшар бу болып, Жерге қайтар су болып.	-Бұлт. -Балалар аспанға қарайды. -Жоқ.

Рефлексиялық түзетуші.	Ырым сөз: Бұлттар төмен болса жаңбыр жауады, күн суытады. Еңбек: Өз-өзіне қызмет ету. Серуен соңында ойыншықтарды жинау. Мақсаты: Еңбек ете алу қабілетін дамыту, үлкендерге көмек бергісі келетін тілегін тәрбиелеу. Қимылды ойын: «Біз көңілді балалармыз» Мақсаты: Балалардың қозғалыс белсенділігін, ойын тәртібін орындай білуіне дамыту . Дидактикалық ойын : «Аспан денелерін ата». Мақсаты : Балалардың білімдерін бекіту. Аспан денелеріне Күн, Ай ,жұлдыздар ,планеталар жатады. Өзіндік іс-әрекет: Балалардың ойындарын қызықты етіп ойнауларын ұйымдастыруға көмектесу.	-Бұлт -Балалар еңбекке араласады. -Балалар ойын ережесін бұзбай ойнайды. -Балалар аспан денелерін атайды. -Балалар өз қалаулары бойынша ойын ойнайды.
------------------------	---	--

Күтілетін нәтижелер:

Нені білу керек : Аспанда ұшпа бұлт пайда болса ,бірнеше күн жаңбыр жауады.

Нені игереді: Бұлттар төмен көшсе ,ауа-райы жылы болатынын.

Қолданады:Оқу қызметінде жұмбақтар жасыруды.

Тақырыбы: Жаңбырды бақылаймыз.

Мақсаты: Балаларға табиғат құбылыстары жайлы түсінік беру.

Жүйелі сөйлеуге,сөйлемді анық айтуға үйрету.

Сөздік жұмыс: шатыр-шұтыр,жаркылдайды.

Билингвалды компонент: Жаңбыр – Дождь

Қолшатыр - Зонтик

Мотивациялық қозғаушы	-Балалар мен сендерді бүгін көргеніме өте қуаныштымын. -Олай болса бүгін біз жаңбырды бақылаймыз. -Қазір мен сендерге жұмбақ жасырамын . Жұмбақ: Тырс-тырс тамады, Тереземді қағады. -Сонымен балалар бүгін біз жаңбыр туралы әңгімелесеміз . -Жаңбыр деп нені айтамыз ? -Жаңбыр қандай болады? -Себелеп жауып тұрған жаңбырды қалай атайды ? -Нөсер жауын деген не ? -Себелеп жауған жаңбырдан нөсерлеп жауған жаңбырдың айырмашылығы қандай ? -Жаңбыр жауғанда қандай дыбыстар естисіңдер ? -Жаңбырдың тағы қандай түрлерін білесіңдер? -Күзде қандай жауын жауады ?	Балалар амандасады. -Жаңбыр. -Аспанна тамған тамшыны. -Ақ жауын. -Құйып жауған жаңбыр. -Ақырын жауса себелейді,құйып жауса нөсерлейді. -Барабанның тарсылы.
-----------------------	--	--

Рефлексиялық түзетуші.	-Жауыннан соң күн қандай болады ? -Ал ауа қандай болады ? Көркем сөз: Жау,жау жаңбыр Жау жаңбыр! Арық суы мол болсын! Өсімдіктер көп болсын! Жауған жерің шөп болсын! Ырым сөз: Шөпке қырау түссе, Жаңбыр жауады. Қимылды ойын : «Төмпешіктен төмпешікке» Мақсаты: Қос аяқпен секіруді,биік емес жерлерден секіруді үйретуді жалғастыру.Ойындарға спорттық құралдарын дайындауға үйрету. Еңбек: Табиғи материалдардан қолдан жасалатын зат дайындау. Мақсаты: Қарағай бүршіктерімен жұмыс жасап үйрету,балаалрды бізді қоршаған ортаның әсемдігін көре білуге тәрбиелеу. Өзіндік іс-әрекет: Ауа-райын есепке ала отырып дәлізде ойналатын ойындарды,іс-әрекеттерді өткізуге жағдай туғызу. Жақсы тәртіп әдеттерін қалыптастыру.	-Соқыр жауын,ақ жауын,өткінші жауын. -Суық ,соқыр жауын. Жердің шаңы басылып,ауа тазарады. Балалар ойынға деген қызығушылықтарын білдіреді. Қарағай бүршіктерімен жұмыс жасауды үйрету. -Балалар өз қалауларымен ойнайды.
-------------------------------	---	--

Күтілетін нәтижелер.

Нені білу керек : Табиғаттағы маусымдық өзгерістерді.

Нені игереді: Бұлт құрамындағы су буларының бірігіп,тамшыға қосылуынан пайда болады.

Қолданады. Ойын ойнағанда спорттық құралдарды.

Күтілетін нәтиже.

Нені білу керек Далаға шыққанда қауіпсіздік ережесін.

Нені игереді Жапырақтардың тез түсуіне не әсер ететінін.

Нені білді Емен мен көктеректің жапырағы соңынан түсетінін.

Тақырыбы: Қардағы іздерді бақылау.

Мақсаты: Қарда түрлі іздердің қалатынын, соның ішінде құстардың ізі ерекше болатынын айыра білу. Жансыз табиғат жайындағы білімін бекіту,

балалардың сөйлеу тілдерін дамыту.

Көрнекіліктер: Мазмұнды суреттер.

Билингвалды компонент: Із – след.

Әрекет кезеңі	Тәрбиешінің әрекеті	Балалардың әрекеті
Мотивация-лық қозғаушы	Сәлеметсіздер ме? Балалар! Мен, сендерді көргеніме қуаныштымын.	-Сәлеметсіз бе. -Бізде.
Ұйымдастырушылық ізденіс	-Балалар, бүгін біз қардың бетіндегі іздерді бақылаймыз. -Қардың бетінде әртүрлі іздер жатады. Соның ішінде құстардың ізі ерекше болады. Құстардың ізі крест сияқты, әр құс әр түрлі із қалдырады. Адамның да іздері әр түрлі, түрлі жақтарға бағыттайды. Машинаның ізі де әр түрлі және т.б. Көркем сөз: Ойын ойнап, міне бу, Қыз қызығын көреміз. Шанаға да мінеміз, Шаңғыны да тебеміз. Жұмбақ: Мен кетемін, ол қалар. Тақпақтар: «Алғашқы қар» Көктемгі шие гүлі ме, Қарғалар көкте жай ұшып, Сала ма еске мақтаны, Бірінен-бірі озбайды. Қар жауып тұрды түнімен, Ағаштар үнсіз майысып, Күн шыға барып тоқтады, Сынып бір кете жаздайды. Қимылды ойын: «Нысана» Оң және сол қолмен желдетіп, көздеп лақтыру кезінде қалыпты жағдайды сақтай білу. Ойын барысында балаларды шапшаңдыққа, икемділікке баулу. Еңбек: Ұяны тазалау. Мақсаты: Өз беттерінше және жауапкершілікпен ұяны тазалап, еңбектерін бағалай білуге үйрету.	-Балалар қайталайды. -Із. -Балалар мұқият тыңдайды. -Ойын ұнады. -Балалар ұяны тазалайды.
Рефлексия-лық түзетуші	-Балалар, біз нені бақыладық? -Сендерге ұнады ма? -Балаларды мадақтау?	-Қардағы ізді. -Ұнады.

Күтілетін нәтиже:

Нені біледі: Қардағы іздерді ажырата алуды.

Нені игереді: Жансыз табиғат туралы.

Қолданады: Тақпақтар мен жұмбақтарды айта білуді.

Билингвалды компонент: Кыста – Зимой, Күн суык –холодно.

Әрекет кезеңі	Тәрбиешінің әрекеті	Балалардың әрекеті
Мотивация – лық қозғаушы	-Сәлеметсіңдер ме, балалар! Қыста аулада өте қызық. -Себебі бәріміз бірігіп күннің көзін бақылаймыз. -Қараңдар айнала аппақ қар, табиғат өте әдемі болып тұр! Ауа таза. -Енді, балалар бүгінгі серуенімізде күнді бақылаймыз. Бәріміз аспанға қараймыз. Қыс басында күннің көзі сирек қонақ екенін атап өткен жөн. Қыстың ортасында күннің көзі айқын, жоғары көтеріледі, бірақ жылытпайды. Қыстың аяғында күннің нұры жылулық шашады, күннің көзі жоғары, күн ұзарады. Жұмбақ: Ақ сандығым ашылды, Ішінен жібек шашылды. Дидактикалық ойын: «Күннің тұрған жағдайы және биіктігі анықталды». Мақсаты: Нақты өлшем көмегі кезінде балаларды күннің тұрған жағдайын өлшеуге үйрету. Қимылды ойын: «Хоккеистер». Мақсаты: Қозғалысты ойынды өз бетінше ұйымдастыруға бейімдеу, топқа бөліну, ойын тәртібін сақтау. Балалардың бір-бірімен араласа білуін жетілдіру.	-Балалар амандасады.
Уйыдастыру- шылық ізденіс	Еңбек: Қар тоқтатуға дайындық. Мақсаты: Тәрбиешімен балалардың бірігіп еңбекетуіне тәрбиелеу. Еңбек мазмұнын ұлғайту әр баланың еңбекке жүйелі қатысуын қамтамасыз ету. Өз бетінше әрекет: Балалар өз қалауларымен іс-әрекет жасайды. -Балалар, бүгін біз қысқы мерзімдегі күннің көзін бақыладық. -Қыста күн қандай болады?	-Балалар мұқият тыңдайды. -Күннің көзі. -Балалар ұжымдасып ойнауға тырысады.
Рефлексия – лық түзетуші		-Бұлыңғыр, бұлтпен жабылған.

Қолданады: Ұйымшылдықпен ойын ойнағанды.

Тақырыбы: Қар тазалайтын машинаны бақылау.

Мақсаты: Балаларға қар жауғаннан кейінгі қардың көп болатынына назар аудару.

Балалардың сөздік қорын молайту. Үлкендердің еңбегін бағалауға тәрбиелеу.

Көрнекіліктері: Мазмұнды суреттер.

Әдіс-тәсілдері: көрсету, түсіндіру.

Сөздік жұмыс: Жүргізуші, жанармай

Билингвалды компонент: Жүргізуші – шофёр,

Жанармай – бензин.

Әрекет кезеңі	Тәрбиешінің әрекеті	Балалардың әрекеті
Мотивация – лық қозғаушы	Шаттық шеңбері: Арайлап таң атты, Алтын сәуле таратты. Жарқырайды күніміз, Жарқырайды даламыз. Қайырлы таң балалар.	-Балалар шаттық шеңберін жасады.
Ұйымдасты – рушылық ізденіс	-Балалар, біз бүгін қар жауып тұрса да, мына қар тазалайтын машинаны бақылаймыз. -Балалар, үлкен адамдардың еңбегін жеңілдету үшін техниканы қолданады. Ол адамдарға тиімді. Қар жауғанда көп қар болады. Қолмен тазалау өте қиын және көп уақыт кетеді. Сол себепті адамдар қар тазалайтын машина ойлап тапты, олар тез жұмыс істейді, машиналар да қарды тиеуге үлгермей кешігіп келіп жатады. Қарды машинамен қырманға апарады. Ол көктемде еріп, өсімдіктің өсуіне ылғал көп болады. Көркем сөз: Шофёрлардан аңқиды Жанармай сіңген шаң иісі, Жұмысшыдан аңқиды, Машинаның май иісі. Жұмбақ: Құс ұясы секілді, Үйшігі бар биікте. Өрілген қос кекілді, Тұрар мойын иіп те. Ол бензинді сүтше ішеді, Тез арада сыпыра алады, Қарды жолдан тазартып, Жолдарға топырақ себеді. Мақал – мәтелдер: 1.Еңбек түбі – береке, Көптің түбі – мереке 2. Жан қиналмай, жұмыс бітбес, Талап қылмай, мұратқа жетпес. Қимылды ойын: «Таякпен сыпыру».	Балалар, назарын жауып тұрған қарға аударады.
Рефлексия – лық түзетуші	Мақсаты: Көрсетілген бағыт бойынша таякпен сыпыру қабілеттерін бекіту. Еңбек: Түрлі- түсті мұз айдынын жасау. Мақсаты: Өз беттерімен берілген тапсырманы орындау. -Балалар, бүгінгі серуендегі бақылауымыз сендерге ұнады ма? -Қар тазалайтын машинаның көмегі қаншалықты? -Балаларды мадақтау.	-Балалар қайталайды. -Машина. -Қар тазалаушы көлік. -Балалар мақал-мәтелді айтады. -Ұнады. -Үлкен адамдарға үлкен көмек.

Күтілетін нәтиже:

Нені біледі: Техниканы қолдансақ адамдардың өмірін жеңілдететінімізді.

Нені игереді: Машинамен тазаласа уақыт аз кететінін.

Қолданады: Адамдар қар тазалауда күрекпен жұмыс жасауды.

Тақырыбы: Қылқанжапырақты ағаштарды бақылау.

Мақсаты: Қылқанжапырақты ағаштарды еске түсіру. Шырша мен қарағай ағаштарын ажырата білу.

Ағаштардың ерекшелігі мен белгілерін және ұқсастықтарын айыра білу, салыстырған сөздерін нақты жеткізу.

Көрнекіліктер: Мазмұнды суреттер.

Әдіс-тәсілдері: көрсету, түсіндіру, әңгімелеу.

Сөздік жұмыс: шырша, қарағай, қылқанжапырақ.

Билингвалды компонент: шырша-ёлка, қарағай – сосна.

Әрекет кезеңі	Тәрбиешінің әрекеті	Балалардың әрекеті
Мотивация-лық қозғаушы	-Сәлеметсіздер ме, балалар!	-Балалар амандасады.
Ұйымдастырушылық ізденіс	-Балалар, сендер серуенге шыққыларың келе ме? -Олай болса бәріміз далаға таза ауаға шығып, серуендейміз. Бақылау барысы: Мынау қылқанжапырақты ағаш. Қылқан бір-бірден өседі, жаңғақ көп өмірсүргіш, дөңгелекше тәрізді. Жаңғақтың тұқымы бар. Шырша ағаштарының бұтағы бүкіл бойға, жоғарыдан төменге салпылдап өседі. Қарағай мен шырша – үнемі жасыл түсті, қыста да сол түсін сақтайды. Шырша мен қарағай – қылқанжапырақты ағаш. Көркем сөз: Күн мұңайып тұр бүгін, Қыс ызғары келеді. Жұмбақтар: Жаңа жыл күні, Ағаштардың көркемі. Төрінде тұрар, Мәңгі жасыл бұтағы.	-Иә. -Балалар мұқият қарайды.
	Өскен жерінде тұрар, Дауылға да, аязға да, Шыдап бағар мізбақпай. Тау етегі тұрағы, Жап-жасыл боп тұрады. Болжамдар: Егер жаңғақ шыршаның төменгі жағында өссе – аяз ерте түседі, ал егер жоғары өссе – қыстың соңы суық болады. Қимылды ойын: «Ловишки - ёлочки».	-Балалар қайталайды. -Шырша.
	Мақсаты: Алаңда қозғалып жүру, бір-біріне көмек беруге тәрбиелеу. Еңбек: Ағаштың қасына түскен бұталарды жинау. Мақсаты: Балаларға алаңда жүрген кезде қоқысты жинап отыру, содан кейін арнайы орынға апаруға үйрету.	-Қарағай.
	Еңбек: Ағаштың қасына түскен бұталарды жинау. Мақсаты: Балаларға алаңда жүрген кезде қоқысты жинап отыру, содан кейін арнайы орынға апаруға үйрету.	-Балалар ойнайды. -Иә, ұнады. -Қарағай мен шыршаны.
Рефлексия-лық түзету	-Балалар өз қалаулары бойынша ойнайды. -Сендерге бүгінгі бақылау ұнады ма? -Біз нені бақыладық?	

Күтілетін нәтиже:

Нені білу керек: Қылқанжапырақты ағашқа не жатады?

Нені игереді: Шырша мен қарағай ағашын ажыратуды.

Меңгерді: Ағаштардың бір-біріне, салпылдап өсетінін.

Тақырыбы: Ағаштардағы қырауларды бақылау.

Мақсаты: Қыраудың пайда болу процесі туралы түсінік беру. Табиғаттың әр түрлі қысқы құбылыстарын көру, қысқы қардың сұлулығына таңдануға балаларды үйрету.

Сөздік жұмыс: Мығым, шық, қырау.

Көрнекілік: Мазмұнды суреттер.

Әрекет кезеңі	Тәрбиешінің әрекеті	Балалардың әрекеті
Мотивация-лық қозғаушы	-Балалар, мен сендерді көргеніме өте қуаныштымын. -Көңіл-күйлерің қалай?	-Балалар амандасады. -Жақсы.
Ұйымдастырушылық ізденіс	-Балалар, бүгін біз ағаштағы қырауды бақылаймыз. -Мынау қандай ағаш? -Мынау ше? Қар еріген кезде, күрт суық түскен және ауа-райы жылыған кезде айналаны қырау басқаны туралы балалардың назарын аударайды, ағаштарға, орындықтарға және басқа заттарға. Қырау-бұл мығым шық. Түнде жердің үстіндегі ауасы салқындайды. Ауадағы сулы булар салқындаған заттармен өзара жанасып сулы тамшыларға айналып, мұзды кесек болып қатады және қырау болады. Жұмбақ: Терезеге қонады, Әсем ою ояды. -Қыс айларын атаңдар?	-Шырша ағашы. -Терек. -Балалар мұқият тыңдайды.
Рефлексия -лық түзетуші	-Қыстың алғашқы айы? -Желтоқсаннан соң қандай ай? -Қыстың соңғы айын атаңдар? Бұл айда ең ауыр әрі суық, дүлей борандар болады. Ырымдар: Желтоқсанда қырау мол болады, қар көп түседі, суықтар күшейеді – мол егін орылады. Ағаштарға қырау тұрса аспан көк болады. Түнде қырау болса-күндіз қар жаумайды. Дидактикалық ойын: Күн шыққан кезде ағаштардың қырау жамылғанын көру. Күннің көзінде қырау жылтырайды. Қимылды ойын: «Бірінші бол». Мақсаты: Белгі бойынша іс-әрекет жасай білуін бекіту. Еңбек: Жолға су төгу үшін қарды нығыздатқ. Мақсаты: Қарды өздігінен күрекпен белгілі орынға алып бару, оны нығыздауға үйрету, ұжымдық еңбекке қатынасуға үйрету. Балалар ойындарынң тақырыбы мен мазмұнын жетілдіреді. Балалардан бүгінгі серуеннен алған әсерлерін сұрау. Балаларды мадақтайды.	-Қырау. -Желтоқсан -Қаңтар -Ақпан. -Желтоқсан -Қаңтар. -Ақпан. -Жылдамдықты сақтайды. -Балалар қарды нығыздайды. -Балалар жақсы көңіл-күй білдіреді.

Күтілетін нәтиже:

Нені біледі: Қырау түскен ағаштарды ажыратуды.

Нені игереді: Қыраудың қалай пайда болатынын.

Қолданады: Қарды тығыздауға күректі.

Тақырыбы: Қыс мезгілін бақылау.

Мақсаты: Қыс мезгілі және оның ерекшелігі туралы түсініктерін кеңейту.

Өсімдіктер мен жануарлардың қыстағы тіршілігі жайлы түсінік беру.

Өзара пікір алмастыруға жаттықтыру.

Әдіс-тәсіл: көрсету, түсіндіру.

Билингвалды компонент: Қыс – Зима, Жануарлар-Животные.

Әрекет кезеңі	Тәрбиешінің әрекеті	Балалардың әрекеті
Мотивация – лық қозғаушы	-Балалар, мен сендерді көріп, қуанып тұрмын. -Көңіл-күйлерің қалай? -Ендеше, бәріміз ортаға шығып шаттық шеңберін жасаймыз. Аспанымыз ашық болсын. Күніміз жарық болсын. Деніміз сау болсын. Досымыз көп болсын.	-Жақсы. -Балалар шаттық шеңберін жасады.
Ұйымдастыру- шылық ізденіс	-Балалар, бүгінгі серуенде қыс табиғатын бақылаймыз. Бақылау барысын бастамас бұрын, мен сендерге жұмбақ жасырамын. Аппақ, бірақ сүт емес, Аппақ, бірақ бор емес. Аспаннан ол түседі, Даланы ақпен жабады. Терезеге қонады, Әсем ою ояды. Аяғы жоқ, Қолы жоқ, Тістеп алады. -Бұл жұмбақтар жылдың қай мезгілі туралы? -Оны қайдан білдіңдер?	-Қар. -Қырау.
Рефлексия – лық түзету	-Қыс қандай? -Қыста аулада қай құсты кездестіруге болады? Қар – кішкентай мұз кристалдарынан тұрады. Қар-суық, аязды күні қиыршық түрінде болып жауады. Күннің жылы кезінде қар жапалақтап түседі. Аязды күні аяқ астындағы қар сықырлайды. Қар кристалдарының кейбірі ине пішіндес, кейбірі жалпақ тәрізді, бірақ пішіндері әр түрлі болғанымен, барлығы алты қырлы болады. Желтоқсанда- ең қысқа күн, күннің көзі сирек қонақ, ауа-райы бұлыңғыр, жиі қар жауады, бірақ ол ерімейді. Бірақ қар терең емес, одан түскен жапырақтар және құрғақ өсімдіктер көрінеді. Қаңтарда – күн көбейеді, айқын жарқырайды, бірақ күннің көзі жылытпайды, ең күшті аяздар тұрады, барлығы қармен жабылған, ағаштарда қырау тұрады. Ақпанда – күшті жел соғады, боран болады. Ақпан айының соңында күннің қосылғаны байқалады, ең алғашқы мұздар пайда болады, күннің көзі жан-жағына шуағын шашады. Жаңылтпаш: Қыс қыспаса қыс па, Құс ұшпаса құс па? Ырым сөз: Қыс жылы болса – жаз салқын болады. Қимылды ойын: «Кегліні құлат». Мақсаты: Кегліні құлата отырып, клюшка көмегімен нысанаға шайбаны лақтыра білуді бекіту. Белсенділікке тәрбиелеу. Еңбек: Қардан демалыс орнын тазарту. Мақсаты: Өзінің іс –әрекетін жолдастарының іс-әрекетімен келістіру, ұжымда тапсырманы өз бетінше орындауға үйрету. Еңбек ету ынтасына тәрбиелеу.	-Аяз. -Қыс. -Себебі қыста болады. -Қарлы, аязды. -Шымшық, торғай. -Балалар мұқият тыңдайды. -Ойынды ойнайды. -Балалар еңбекке араласады.

	-Балалар, біз бүгін қысқы табиғатты, мезгілді бақыладық. Маған жаңылтпаш пен ырым сөздерді айтып беріңдер? Жақсы жауап берген баланы мадақтау.	-Балалар айтады.
--	---	------------------

Күтілетін нәтиже:

Нені біледі: Ай аттарын айта білуді.

Нені игереді: Жануарлардың қысқы тіршілігі туралы әрекетті айтуды.

Қолданады: Бір-біріне жұмбақ жасыра білу әдісін.

Тақырыбы: Желді бақылау

Мақсаты: Балаларға қыста желдің суық ,өткір болатыны түсіндіру.Желдің күштілігін анықтауға болатынын үйрету.Қысқы желдің жазғы желден ерекше белгілерін ажырата білуге үйрету.

Көрнекіліктер: Мазмұнды суреттеу.

Әдіс-тәсілі : Көрсету,түсіндіру.

Сөздік жұмыс: Ызың,ызылдап.

Билингвалды компонент: Жел-Ветер,Қыс-Зима,Ағаш –Дерево,Қар-Снег

Әрекет кезеңі	Тәрбиешінің әрекеті	Балалардың әрекеті
Мотивациялық қозғаушы	-Балалармен амандасады. Серуенге ұйымдастыру. Киімдерін киіп, таза ауаға далаға шығады.Далада жел ,күн суық. -Балаларға бүгін желдің тұрғанын бақылатады.	-Балалар амандасады. -Серуенге шығуға дайындалады. Балалар қуанады.
Ұйымдастыру-шылық кезеңі	Бақылау барысы: Түтіннің бағыты,ағаш басының қозғалысы арқылы желдің күштілігін анықтауды үйрету.Қысқы желдің ерекшелігін атайды. Қыста күн суық болады.Қар жауады,өзенге мұз қатады.Қар жапалақтап жауады. Жұмбақ: Бір нәрсе көрінбейді, бірақ өзі бар ғой, Адамзат ол нәрсені көрмес көзі. Жансызды қимылдатып жанды қылар Ызылдап,ызың қағар айтқан сөзі. Тақпақ: «Мұз айдыны» Ақ қар, көк мұз айнала, Қыс кетпеске бекінді. Желпіп өткен жел қана, Шымшылаңды бетінді. Қимылды ойын: «Екі аяз» Мақсаты: Икемділігін дамыту,қозғалыстаға ойынға қызығушылығын арттыру және оны ойнай білуге үйрету. Өз беттерінше рөлдерді бөлу талабына тәрбиелеу. Еңбек: «Қардан жолды тазарту» Мақсаты: Балаларды балабақша айналасындағы жолдарды тазартуға және сыпыруға үйрету.Еңбек құралдарын қолдана білуін нығайту,оларды тазалықта және тәртіпте ұстау. Тәжірибе: Желдің күштілігін анықтау.(Жел бар ма,күшті ме,әлсіз бе) Тапсырма: Желдің қалай ысқыратынын тыңдау.	-Жел.

Рефлексиялық түзетуші	-Балалар ,бүгінгі бақылау барысымыз сендерге ұнады ма ? -Ойынымыз ұнады ма ?	-Иә. Ұнады. -Иә.
-----------------------	---	---------------------

Күтілетін нәтиже:

Нені біледі: Желдің ысқырып тұрғанын.

Нені игереді: Ақпан айында жел жиі болатынын.

Қолданады: Балалар жолдарды тазалау үшін күрекпен жұмыс жасайды .

Тақырыбы: Мұзды бақылау.

Қатты күйге айналуын анықтау, балаларға не себепті ауа температурасы өзгергенде судың қататындығын түсіндіру. Суды табиғаттың негізгі көзі ретінде ұқыштылықпен қарауға тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс: Мұз, тұнық, суық, қатты.

Көрнекіліктер: мазмұнды суреттер.

Әдіс-тәсілі : көрсету, түсіндіру.

Билингвалды компонент: мұз-лёд суық-холодно.

Әрекет кезеңі	Тәрбиешінің әрекеті	Балалардың әрекеті
Мотивациялық қозғаушы	-Балаларды ортаға шаттық шеңберіне шақырамыз. -Балалар бір-біріне жылы лебіздерін білдіреді. -Балалар, біз бүгін мұзды бақылаймыз.	-Балалар амандасады. -Жылы лебіздерін білдіреді.
Ұйымдастыру-шылық кезеңі	-Балалар мұзға қараңдар. -Мұз қатты. Ол ауа температурасы күрт өзгергенде су қатты күйге айналады. Мұз бұл-қатты суқұрамы. Мұз медицинада тағамды салқын қалпында сақтап тұрады. Мұз құрамы-тұнық,суық,қатты. Көркем сөз: Далаға аппақ, жапалақтап Қар жауып тұр тынбастан. Қалың орман қар жамылған, Маужырайды түнгі аспан. Жұмбақ:Отқа жанбайды, Суға батпайды. Жаңылтпаш: Мұз үсті.Ізі түсті. Қыз құстай ұшты. Қимылды ойын: «Мұзды аулаға кіргіз».	-Балалар мұқият тыңдайды. -Таппақты қайталайды. -Мұз.
Рефлексиялық түзетуші	Мақсаты: Таяқшаның көмегімен мұзды берілген бағытта сырғанату. Спорттың басқа да түрлерімен таныстыру. Еңбек: Құстарды тамақтандыру. Мақсаты: Табиғат бұрышында құсты өз беттерінше тамақтандыруға үйрету. Табиғат аясындағы құстарды аялай білуге тәрбиелеу. -Балалар бүгінгі бақылауымыз ұнады ма? -Мұз қандай?	-Балалар тапсырманы орындайды. -Тамақтандырып, суларын ауыстырады. -Иә. -Қатты, суық.

Күтілетін нәтиже:

Нені біледі: Ауа температурасы күрт өзгергенде мұз пайда болатынын.

Нені игереді: Мұз құрамы – тұнық, суық, қатты.

Қолданады: Табиғат аясындағы құстарды аялай білуге.

Тақырыбы: Шыныдағы қарды өрнектерді бақылау.

Мақсаты: Шыныдағы өрнектердің пайда болуы туралы түсінік беру.

Табиғаттың қысқы құбылыстарын байқауға және құбылыстарды атауға әрі қарай үйрету.

Көрнекіліктер: өрнектелген терезе.

Сөздік жұмыс:мұзды кристалл.

Билингвалды компонент: Қыста – зимой, Қар жауды – снег идёт

Әрекет кезеңі	Тәрбиешінің әрекеті	Балалардың әрекеті
Мотивациялық қозғаушы	Шаттық шеңберіне тұрғызу.	-Балалар шаттық шеңберін құрып, өлең жолдарын айтады.
Ұйымдастыру – шылық ізденіс	-Балалардың назарын терезе жаққа бұрып, далада не жатыр? -Қазір жылдың қай мезгілі? -Ауа-райы қандай? -Қыс айларын атаңдар – деп балаларды сұрақтарға толық жауап беруге шақырады. -Қар аппақ, үлпілдек, жеңіл, мақта сияқты, суық. Қар – кішкентай мұз кристалдарынан тұрады. Қар – суық, аязды күні қиыршық түрінде болып жауады. Жылы сулы булар салқын терезелер шыныларына отырып, бір-бірімен біріктіріледі, мұзды кристалға айналады да керемет гүлдері бар мұзды бау-бақша пайда болады. Жұмбақ: Өнері жоқ, қолы жоқ, Сурет салуды біледі. Қимылды ойын: «Қасқұлақ» Мақсаты: Ойында өз әрекетімен әріптес әрекетімен келістіре білуін дамыту. Еңбек әрекеті: Жолға су құю. Мақсаты: Тәрбиешімен бірге жауапкершілікпен жолға су құюды үйрету. Өзіндік әрекет: Ойында өз әрекетімен әріптес әрекетімен келістіре білуін дамыту.	-Қар. -Қыс мезгілі. -Суық, аяз. -Желтоқсан, қаңтар, ақпан. -Терезедегі қырау. -Өз бетінше әрекет жасайды.
Рефлексиялық түзетушілік	-Балалар, біз бүгін терезедегі өрнекті тамашаладық. Арнайы өрнектеп қойған сияқты.	-Балалар жақсы көңіл-күймен аяқтады.

Күтілетін нәтиже;

Біледі: Табиғаттағы қысқы құбылыстарды.

Игереді:Шаттық шеңберін жатқа айтуды.

Қолданады: Өз әрекетімен келістіре білуді.

